

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің "Эстетикалық
бағыттағы гимназиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

«DIGITAL ART GYMNASIUM»
(Эстетикалық бағыттағы гимназияның даму моделі)

Әдістемелік құрал

Орал қ., 2024

Құрастырушылар:

Кайржанова Алия Зулкарнайовна - Эстетикалық бағыттағы гимназия директоры;

Акашаева Зияда Мирасовна - директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Артигалиева Айнура Мендешевна - директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Садыкова Лаура Маратовна, Аюпова Нургуль Галимжановна - директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Пікір жазғандар:**Мансурова М.А.**

Э.ғ.к, қауымдастырылған профессоры, Қаржы және экономика кафедрасы, Батыс Қазақстан Инновациялық-Технологиялық университеті.

Есмагулова Г.С.

П.ғ.м., «НЗМ» ДББҰ ПШО Орал қаласындағы филиалының тренері Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері

Ұсынылып отырған әдістемелік құралда берілген модель арқылы инновациялық жобаларды жүзеге асыруға, стейхолдерлер сұранысын қанағаттандыруға болатын даму жоспарын дайындауға негіз болатын қадамдар көрсетілген. Бұл оқу құралы мектептің ішкі және сыртқы ортасын толық зерттеуге әдістемелік нұсқау болумен қатар, жаңашылдыққа бет бұрып, табысты ұйымға айналуға септігін тигізеді.

Әдістемелік оқу құралы мектеп басшыларына және орынбасарларға оқу-тәрбие үрдісін барынша жетілдіре түсуге және білім беру ұйымының өзгерістерін басқару, инновациялық қызметті жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылған жұмыстардың нұсқаларын, нәтижеге қол жеткізудің жолдары мен құралдарын әзірлеу, сынақтан өткізу, сонымен қатар озық, жаңашыл тәжірибелерді жинақтап қорыту мен тарату тетіктерін бірыңғайлауға мүмкіндік береді.

Бұл әдістемелік оқу құралы мектеп басшыларына және орынбасарларына көмекші құрал ретінде ұсынылады.

Мазмұны

I БӨЛІМ

1.1.Кіріспе (қысқаша аннотация)

1.2. Бағдарлама паспорты

1.3. Ағымдағы жағдайы мен ұзақ мерзімді мақсаттарды ескере отырып, гимназияны дамыту перспективаларының сипаттамасы

II БӨЛІМ. Бағдарламаның талдамалық және болжамдау негіздемесінің блогы

2.1. Гимназияға ақпараттық талдау. Гимназияның ағымдағы қызметінің жай-күйін, негізгі проблемаларды және олардың себептерін талдау. SWOT талдау

2.2.Гимназияның инновациялық әлеуетін бағалау

2.3.Педагогтер мен олардың кәсіби бірлестіктерінің гимназияның дамытудың перспективалары мен бағыттары туралы пікірлерін зерделеу

2.4.Білім беру үрдісінің ұсынылған өзгерістердің күтілетін салдарын болжау, өзгерістер тәсілдері мен нысандарын ұсыну

2.5.Білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу үшін тәрбиеленушілердің/білім алушылардың ата-аналарынан сұхбат алу және сауалнама жинау

III БӨЛІМ

3.1 Бағдарламаның пайымы (өзектілігі, реализм, кешенділігі)

IV БӨЛІМ

4.1 Бағдарлама миссиясы

4.2. Гимназия қызметінің бірегейлігі

V БӨЛІМ

5.1. Бағдарламаның стратегиялық блогы. Мектептің перспективалық даму жоспары

VI БӨЛІМ

6.1.Бағдарламаның қойылған мақсатына қол жеткізу жолдары. Бағдарламаны іске асыру жоспарын әзірлеу

6.2. Бағдарламаның мақсаттарына, міндеттеріне уақтылы және толыққанды қол жеткізу және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін оны іске асыру жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру

VII БӨЛІМ

7.1. Бағдарламаны іске асыру барысында күтілетін нәтижелердің сипаттамасы

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін білім беру ұйымындағы оң өзгерістер

7.2. Күтілетін нәтижелер Бағдарламаны іске асыруды аяқтау мерзіміне сапалық және/немесе сандық түрде тұжырымдалады

VIII БӨЛІМ

8.1 Бағдарламаның нысаналы индикаторлары туралы ақпарат

IX БӨЛІМ

9.1 «DIGITAL ART GYMNASIUM» моделі

I БӨЛІМ

1.1.Кіріспе

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Бүгінгі таңда білім беру ұйымдары жеке тұлғаның жан-жақты дамуы үшін шығармашылық қабілеттерін, өзгерістерге икемділігін және заманауи сұраныстарға лайықты болуын қамтамасыз ету мақсатында бірнеше заманауи жобаларды жүзеге асыруда.

«Өмір бойы білім алу және үйрену» қағидаттарының негізінде гимназия тәрбиелік, шығармашылық және сандық ресурстарды қамту арқылы жас ұрпақтарды өмірге дайындауда. Мамандықтар әлеміне бастауыш буыннан баулып, орта буында қалыптастырып, жоғары сыныптарда бекіту арқылы қоғамдық ортадан өз орындарын табуына ықпал жасауда.

Тәрбие мен білім берудің басты ұстанымдары сапалы білім мен саналы тәрбие, сонымен қатар сыни және аналитикалық ойлау жүйесі қалыптасқан тұлғалардың қалыптасуына мүмкіндік беру. Сонымен қатар сандық сауаттылық, функционалды сауаттылық, және тілдерді меңгеудегі шеберліктері де басты назарда.

Ұлттық құндылықтарды білім берудегі түрлі әдістер арқылы жас ұрпаққа меңгерту, осы орайда ҚР ОАМ «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында білім беру ұйымының стратегиялық жоспарларына лайықтау маңызды болып отыр. Өз елінің патриоты болу үшін гимназия қабырғасынан бастап ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге негізделген және Отанымыздың құндылықтарын насихаттау үшін әр шәкірттің бойынан азаматтық ұстаным мен көзқарасты қалыптастыру басты міндет.

Гимназия әр балаға білім беру арқылы әр шәкіртті үлкен өмірге дайындауда. Бұл шаралар ата аналар тарапынан да үлкен қолдауға ие болып, отбасылық құндылықтарды да құрметтеп сыйлауға үйретуде. Ұйым бала мен ата-ананың белсенділігін қатар дамытып, басқарушылық шешімдерге ашық араласуына мүмкіндік беруде.

Гимназияның даму бағдарламасы 2023-2029 жылдар аралығында атқарылатын негізгі жұмыстар мен басты басымдықтарды анықтайды. Бағдарлама білім беру ұйымының алға даму жолындағы мақсатын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерден құралады. Бұл құжат гимназияның ішкі және сыртқы әлеуетін талдау арқылы болашаққа қарай бағдарланды. Сонымен қатар ұйымның осы бағдарламаны жүзеге асыруда туындайтын қауіп –қатерлері де негізге алынды.

Бағдарламаның басты мақсаты «DIGITAL ART GYMNASIUM» моделін жүзеге асыру арқылы, өзгеріске бет бұру болып табылады.

Бағдарлама гимназияның мүмкіндіктерін ескере отырып, бес жылға жоспарланды.

Бағдарламаны сапалы жүзеге асыруда гимназия педагогтерінің кәсіби білік дағдылары негізге алынады және тұлғалық, кәсіби өсуіне жағдай жасалады.

Мектептегі білім беру – бүкіл білім жүйесінің негізі. Ал оны әрі қарай дамыту білім беру ұйымдарының қызметін сипаттайтын үдерістер мен үрдістерді терең талдаусыз мүмкін емес. Ресурстық қамтамасыз ету – бұл, бір жағынан, білім беру мақсатын жүзеге асыру үшін тиісті мүмкіндіктер жасау, екіншіден, ол бүгінгі күннің талабы болып табылады.

1.2. Бағдарлама паспорты

Бағдарламаның толық атауы	"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің "Эстетикалық бағыттағы гимназиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «DIGITAL ART GYMNASIUM» даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	· «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы · «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы · Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы · Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы · Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» · «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.12.2019 ж. № 1045 қаулысы · Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. · «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы · Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 22 қараша №467 бұйрығы, 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығы) · "Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан

	Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 179 бұйрығы · Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары · Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 06 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы); · «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы · «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы · «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығы) · «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 21 ақпан №57 бұйрығы (Оқу-ағарту министрінің 2023жылғы 15тамыздағы №259 бұйрығы) · «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.11.2017ж. №596 бұйрығы, 05.07.2023 ж. №197 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) · «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 ж. №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы)
--	---

	· «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.08.2022 ж. №355 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) · «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.08.2022 ж. № 371 бұйрығы) · «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы) · «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы);
Бағдарламаны әзірлеушілер	Кайржанова Алия Зулкарнайовна, Акашаева Зияда Мирасовна, Садыкова Лаура Маратовна, Аюпова Нургуль Галимжановна, Артигалиева Айнура Мендешевна
Бағдарламаның негізгі мақсаты	Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде сапалы білім беріп, заманауи өзгерістерге бейім, зияткер тұлғаны тәрбиелеу
Бағдарламаның міндеттері	● Білім беруді жалпыадамзаттық құндылықтарға бағыттау; ● Сапалы білім беру үшін педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру, педагогикалық шеберлігін дамыту; ● Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту арқылы білім сапасын арттыру; ● Заманауи өзгерістерге бейімдеу үшін оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын жетілдіру; ● Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуына жағдай жасау; ● Тұлғаны тәрбиелеуде Қамқоршылық кеңестің және өзін-өзі басқару ұйымының мектеп өміріне қатысу саласы мен нысандарын кеңейту; ● Ата-аналармен, колледждермен, жоғары оқу орындарымен, қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік ынтымақтастықты нығайту; ● Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету, білім беруде инновациялық өзгерістерді енгізу; ● Білім беру ұйымын сандық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдықтандыру; ● Қосымша білім беру орталығы жағдайында оқушыларды ынталандыру, даярлау және кәсіптік бағдарлау үшін жағдай жасау

Күтілетін нәтижелер	• Білім беру жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталады; • Сапалы білім беру үшін педагогтердің кәсіби әлеуетін жетілдіру арқылы біліктіліктері артады, педагогикалық шеберлігі дамиды; • Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту арқылы білім сапасы артады; • Оқушылар заманауи өзгерістерге бейімделеді және функционалдық сауаттылықтары жетіледі; • Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуына жағдай жасалады; • Тұлғаны тәрбиелеуде Қамқоршылық кеңестің және өзін-өзі басқару ұйымының мектеп өміріне қатысу саласы мен нысандары кеңейеді; • Ата-аналармен, колледждермен, жоғары оқу орындарымен, қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік ынтымақтастық нығаяды; • Оқу ортасы қауіпсіз және жайлы болады, білім беруде инновациялық өзгерістер енеді; • Білім беру ұйымы сандық трансформацияланады, қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жабдықталады; • Қосымша білім беру орталығы жағдайында оқушыларды ынталандыру, даярлау және кәсіптік бағдарлау жүзеге асады.
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	Бағдарламаны іске асыру мерзімі: 2024-2029 жылдар <u>2024-2025 жылдар - 1-кезең. Ұйымдастыру</u> • Мектептің даму бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша ұйымдастырушылық жұмыстарды жүргізу; • Тұлғаны тәрбиелеу мен оқытудың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру; • Мектептің даму бағдарламасын іске асыруды ресурстық қамтамасыз ету; • Мектеп педагогтарын оқыту мақсатында ЖОО, педагогикалық шеберлік орталықтарымен байланыс орнату • Мектеп дамуының басты инновациялық ресурсы болып табылатын педагогикалық командаларды құру (команда құру, командалық рухты көтеру бойынша коучинг, тренингтер); • “Біртұтас тәрбие бағдарламасы”, “Педагогтердің кәсіби әлеуетін жетілдіру”, “Дарынды оқушылармен жұмыс” бойынша кешенді бағдарламаларды дайындау; • Педагогтердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру, эмоционалдық интеллектісін дамыту, педагогикалық экологияны қалыптастыру; • Пәндерді зерделеудің мақсаттары мен міндеттерін, бағалау критерийлерін және пәндер бөлінісінде оларға қол жеткізу деңгейлерін сипаттаудың моделін дайындау; • Мектепті дамытудың негізгі бағыттарын іске асырудың аралық нәтижелеріне сараптама ұйымдастыру; <u>2025-2028 жылдар - 2-кезең Оқыту, үйрету, тәжірибеде қолдану</u> • Мектеп педагогтерін оқу-тәрбие процесінде инновациялық тәсілдемелер мен трендтерді қолдануға үйрету;

	• Педагогтердің оқу-тәрбие процесінде цифрлық технологияларды тиімді қолдану дағдыларын жетілдіру (оқыту практикалық семинарлар, шеберлік сыныптар, коучингтер); • Критериалды бағалау жүйесі бойынша мұғалімдерге арналған оқыту семинарларын өткізу; • Халықаралық зерттеулерге дайындау мәселелерін оқыту; • Дарынды оқушыларды қолдауды дамыту; • Мектеп педагогтерінің білім беру процесінде оқыту мен тәрбиелеудің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын іске асыруы; • Мектеп педагогтерінің жаңа тәсілдемелерді қолданып оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруы; • Мектеп педагогтары TIMMS, PISA, PIRLS, ISILS зерттеу тәжірибесін негізге ала отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталғын тапсырмалар базасын құрастырады • Мектеп педагогтерінің педагогикалық бастамалары мен инновациялық қызметін қолдау және ынталандыру; • Білім беру процесінің барлық қатысушыларын оқытудың тиімділігін бағалауы: мектеп педагогтерінің, оқушылардың, ата-аналардың қатысуымен семинар/конференция; 2028-2029 жылдар - 3-кезең Даму аймағы • Білім беру мекемесін дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша мектептің педагогикалық ұжымы қызметінің нәтижелерін талдау; Инновациялық білім беру технологиялары бойынша мектептің әдістемелік материалдарының банкін құру; • Даму бағдарламасын іске асыру бойынша мектеп қызметінің нәтижелерін сыртқы сараптамаға ұсыну, Даму бағдарламасын іске асыру нәтижелері бойынша мектеп ұжымының шығармашылық есеп беруі; • Тәжірибені жинақтау, нәтижелерді рәсімдеу және жариялау.
Қаржыландыру көздері	Жан басына қаржыландыруға арналған және жергілікті бюджет

1.3. Ағымдағы жағдайы мен ұзақ мерзімді мақсаттарды ескере отырып, гимназияны дамыту перспективаларының сипаттамасы

Гимназияның 20219-2023 жылдар аралығындағы даму жоспарына сәйкес педагогикалық ұжым мектептің тұрақты дамуын құру, баланың рухани, адамгершілік, физикалық дамуы мен әлеуметтенуіне ықпал ететін білім беру ортасын құру арқылы білім беру сапасын арттыру бойынша жұмыс жасады. 2019 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңге есептелген мектепті дамытудың бірінші бағдарламасын жүзеге асыру кезінде гимназияда білім алушылардың және педагогтердің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдайлар жасалды.

Гимназияның жағдайын талдай отырып, педагогикалық ұжым гимназияның дамуының жаңа стратегиясы мен тактикасын әзірлеуі керек деген қорытындыға келді, оны жүзеге асыру үш салада жүзеге асырылуы керек: тәрбие, білім беру, әлеуметтік серіктестік.

Гимназияның 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарлама құндылыққа негізделген және коммуникативті тәсілдер негізінде оқушылардың дарындылық дағдыларын арттыруға, педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін дамытуға бағытталған. Мектептің даму бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша ұйымдастырушылық жұмыстарды жүргізу арқылы тұлғаны тәрбиелеу мен оқытудың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жұмыстары жүзеге асырылады. Мектеп дамуының басты инновациялық ресурсы болып табылатын шараларға басымдық беріледі. Атап айтқанда, “Біртұтас тәрбие бағдарламасы”, “Педагогтердің кәсіби әлеуетін жетілдіру”, “Дарынды оқушылармен жұмыс” бойынша кешенді бағдарламаларды дайындай отырып, педагогтердің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін арттыруға, эмоционалдық интеллектісін дамытуға және ұжымда педагогикалық экологияны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пәндерді зерделеудің мақсаттары мен міндеттерін, бағалау критерийлерін және пәндер бөлінісінде оларға қол жеткізу деңгейлерін сипаттаудың моделін дайындау негізінде мектепті дамытудың негізгі бағыттарын іске асыруға қол жетімді болады.

Бағдарлама «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңын басшылыққа алынды. Бағдарлама идеялары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына негізделіп жасалған. Мұнда халықаралық зерттеулерге дайындау мәселелерін оқыту, дарынды оқушыларды қолдауды дамыту; гимназия педагогтерінің білім беру процесінде оқыту мен тәрбиелеудің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын іске асыруы, гимназия педагогтерінің жаңа тәсілдемелерді қолданып оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруы, гимназия педагогтары TIMMS, PISA, PIRLS, ISILS зерттеу тәжірибесін негізге ала отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталғын тапсырмалар базасын құрастыра білуі басты назарға алынады.

Болашақ иелері жас ұрпақты толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор. Қазіргі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін қалыптастыру жолындағы күрес - ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының қалыптасуын, яғни ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Нақтырақ айтсақ, ана тілі мен ұлттық салт-дәстүрін құрметтейтін, басқа тілде де жетік сөйлей білетін, дүниетанымы, ақыл-ой парасаттылығы қалыптасқан, еңбекқор, мақсат қоя алатын және сол мақсатқа жету жолдарын таңдай білетін, жауапкершілігі мол, мінез-құлқы, айналадағы адамдарға, қарым-қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайларда нақты шешім қабылдай алатын, өзіне сын көзбен қарай білетін салауатты тұлғаны тәрбиелеуді басты мақсат етіп қоюымыз қажет. Осы құндылықтардың барлығы қанына дарып, бойына тарап, санасына сіңген ұрпағымызға еліміздің болашағының кілтін сеніп тапсыра аламыз.

Бұл жолда мектеп мұғалімдерінің тұлғалық мәдениетінен қалыптасатын мектеп мәдениетінің *«икемді және дискретті», «тұрақты және бақыланатын», «ішкі фокусы қалыптасқан және интеграцияланған», «сыртқы фокусы қалыптасқан және сараланған»* болуы сияқты критерийлерге сай болуын қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Осындай критерийлерге сай қалыптасқан ұжым мәдениеті - көшбасшы мектепті қалыптастыратын болса, тәрбиелеп шығарған *«түлек»* - командалық жұмыстың нәтижесі екендігін түсіну өте маңызды.

Сондықтан, әр педагогтың өз міндетін сапалы атқару қажеттігін түсінуі әр түлектің бойына ұлттық құндылықтарды дарытуы мектеп миссиясын орындауға бағыттауын қамтамасыз етілуі осы бағдарлама аясында қарастырылады.

2023 – 2029 жылдарға арналған білім беруді дамытудың жаңа траекториялары білім алушыға педагогикалық қолдау көрсету үлгісіне негізделетін болады, мұнда педагог оқу-тәрбие үдерісінің көмекшісі ретінде балаға әлемді өздігінен тануға, өз мүмкіндіктерін ашуға және жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып білім алуға мүмкіндік береді. Білім беру ұйымдарында адамның білімділік деңгейін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар өз өмірлік мүдделеріне, қазақстандық қоғамның мүдделерінде де шығармашылық әлеуетін серпінді әлеуметтік-экономикалық жағдайларда іске асыруға қабілетті, түлектің түйінді құзыреттеріне ие, адамгершілігі жоғары және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін атмосфераны қалыптастыру білім беру жүйесінің негізгі бағдары болып табылады. Мектепте қабілетті, таным белсенділігі төмен, ерекше білімді қажет ететін, әлеуметтік осал топтағы отбасылардан шыққан оқушылар тең мүмкіндікте білім алатындықтан бағдарламада жан-жақты дамыту идеялары мен көздері қарастырылды.

Баланың жайлы және қауіпсіз болуын қамтамасыз ететін инфрақұрылымды, инклюзивтілікті қамтамасыз ететін білім беру кеңістігін құру, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына, түрлеріне қарамастан білім беру ұйымдарында балалардың даралығы мен ерекшеліктерін қолдау өзекті мәселе болып табылады. Жайлы, қауіпсіз ортаны қалыптастыруды дамыту мақсатында турникет, бейнебақылау орнату жұмыстары жалғасып, ППҚҚ мамандарының жұмыстары жүйеленеді.

Өткен оқу жылдарының талдауын зерделей келе және республикалық педагогтер съезінің шешімімен білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау, білім беру тақырыптары, бөлімдері мен деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, практикалық бағыттылықты, тәрбиелік компонентті күшейту және білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту қажеттілігі атап өтілген болатын. Осыған орай алдағы жылдарда функционалдық сауаттылықты дамыту және сабақтастық пен практикалық бағыттылықты дамыту мақсатында *«1000 функционалдық тапсырма»* жобасы жүзеге асырылатын болады.

Мақсатқа жетуде:

- Заманауи материалдық-техникалық базада жаңа құрал-жабдықтарды және озық оқу әдебиеттерін пайдалана отырып білім беруді;
- білім алушының мүддесі мен құқықтарын қорғауды, оның психологиялық және дене қауіпсіздігін сақтауды кепілдік ететін жағдайды жасауды;
- әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді, баланың даму резервтерінің (дене және психологиялық) ерте диагностикасын жасауды;
- білім алушылардың кітапхана оқу-әдеби қорларын тегін пайдалану мүмкіндігін ұсынуды қамтамасыз ету деген мағынаны білдіреді.

Мектептегі білім беру – бүкіл білім жүйесінің негізі. Ал оны әрі қарай дамыту білім беру ұйымдарының қызметін сипаттайтын үдерістер мен үрдістерді терең талдаусыз мүмкін емес. Ресурстық қамтамасыз ету – бұл, бір жағынан, білім беру мақсатын жүзеге асыру үшін тиісті мүмкіндіктер жасау, екіншіден, ол бүгінгі күннің талабы болып табылады.

Ресурстық қамтамасыз етуге, біріншіден, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базаларын нығайту және дамыту, екіншіден, олардың оқу-әдістемелік қорын жаңарту жатады. Материалдық-техникалық база – білім беру ұйымдарының

қызмет көрсетуінің және білім беру үдерісі сапасын қамтамасыз етудің қажетті шарты. Қазіргі таңда мектеп проблемаларының бірі оқу ғимараттарының қазіргі жағдайы болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты: Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде сапалы білім беріп, заманауи өзгерістерге бейім, зияткер тұлғаны тәрбиелеу/қалыптастыру

Бағдарламаның негізгі даму кезеңі

Жылдар	Іс - шаралар	Орындаушылар
2023 -2025 ж Аналитикалы қ жобалау	Мектеп дамуының басты инновациялық ресурсы болып табылатын педагогикалық командаларды құру	Директор
	Оқушылардың білімге ынталарының кешенді мониторингін жасау	Директордың орынбасарлары
	“Біртұтас тәрбие бағдарламасы”, “Педагогтердің кәсіби әлеуетін жетілдіру”, “Дарынды оқушылармен жұмыс” бойынша кешенді бағдарламаларды дайындау;	команда мүшелері
	Мектепті даму жағдайына ыңғайлау: - материалдық; - мамандық; - ғылыми-әдістемелік; - моральдық-психологиялық	Директор
	Мектеп тренерлерінің тренерлік дағдыларын дамыту	Директор
	Оқыту семинар, тренинг, коучингтер ұйымдастыру	Директордың орынбасарлары, мектеп тренерлері
2025-2027 ж Жүзеге асыру	Оқушылардың даму процестерінің диагностикасын жүргізу	Директор, директордың орынбасарлары
	Мұғалімдердің даму аймағын зерттеу	
	Мектеп түлегі моделін жетілдіру	
	Материалдық базаны толықтыру	
2027-2029 ж Қорытындыла у	Авторлық бағдарламалар шығару, оларды оқу жоспарына енгізу	Мектеп директоры. Директордың орынбасарлары, мектеп тренерлері
	Оқушылардың бәсекеге қабілеттілік деңгейлерін зерттеу	
	Республикалық жобаларға қатысу	
	Сандық контент дайындау	
	Есептік шаралар өткізу	
	Зерттеу мақалаларын жариялау	

II БӨЛІМ. Бағдарламаның талдамалық және болжамдау негіздемесінің блогы
2.1. Гимназияға ақпараттық талдау. Гимназияның ағымдағы қызметінің жай-күйін,
негізгі проблемаларды және олардың себептерін талдау. SWOT талдау

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

БСН 990840002079 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2022 жылдың 21 қарашасынла берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1995 жыл 05 тамыз.

Заңды мекен-жайы: 090014, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Самал көшесі 74 құрылыс.
Электрондық мекен-жайы: Shgen_uralsk@mail.kz

Интернеттегі ресми сайт: <https://shgen-uralsk.bkgov.kz/kz>

Әлеуметтік желідегі ресми парақшалар: https://www.instagram.com/shgen_07/; <https://www.facebook.com/soshgen07>

Телефон, факс: 8 (7112) 24-03-38.

Мекеменің техникалық паспорты 2021 жылы 29 қарашада жасалған. Сериясы –А, қабат саны-3+П,Т, құрылыс ауданы-4481,9 ғимараттың ауқымы-43887, жалпы алаң-15137,4, салынған жылы-2021 жыл (*көшірме қосымша ұсынылады*).

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК басқару органы - «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі».

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 690 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 1.6673 га) кадастрлық номері: **08-130-034-449** (*көшірме қосымша ұсынылады*).

Білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мекеменің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 09 желтоқсан 2022 жылғы №KZ74LAA00032916, мерзімі–шектелмеген (*көшірме қосымша ұсынылады*).

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК-ның мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Гимназия директоры Кайржанова Алия Зулкарнойовна 2018 жылы 04 желтоқсандағы Орал қалалық білім беру бөлімінің №89§1 бұйрығымен мекеменің директоры қызметіне тағайындалса, 2022 жылдың 24 қарашадағы №180§1 бұйрығымен қайта тағайындалды.

Мектеп-гимназия, Мемлекеттік аттестаттаудан соңғы рет 2012-2013 оқу жылында өтті.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 2 тарауының 2 тармақшасына сәйкес білім беру ұйымының 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзін бағалауды жүргізді.

Кадрлық құрамға талдау.

Білімдері бойынша

Оқу жылы	Барлық қызметкерлер саны	Жоғары	Арнаулы орта білімді
2020-2021 оқу жылы	77	73	4
2021-2022 оқу жылы	112	102	10
2022-2023 оқу жылы	122	112	10

Санаттары бойынша (жалпы орта білім беретін пәндер бойынша)

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	I	II	санатсыз	Басшылар санаты	%
2020-2021	77	3	13	13	23	4	4	2	17	0	48,3%
2021-2022	112	3	20	24	30	3	7	6	19	1	50%
2022-2023	122	5	28	21	31	1	4	1	31	2	50%

2020-2021 оқу жылында барлығы 77 мұғалім қызмет атқарды. Оның ішінде бастауыш сыныпта 33 педагогтің 7-еуі педагог-зерттеуші, 6 педагог-сарапшы, 2 жоғары санатты, 2 бірінші санатты педагогтер. Үлесі 51,5 %. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру бойынша 54 педагог сабақ берді. Оның ішінде 3 педагог-шебер, 6 педагог –зерттеуш –зерттеуші, 7 педагог-сарапшы, 2 жоғары санатты, 5 бірінші санатты педагогтер Үлесі 42,5 %.

2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейінде 52 педагог қызмет атқарды. Оның ішінде 1 педагог-шебер, 10 педагог-зерттеуші, 9 педагог-сарапшы, 1 жоғары санатты, 4 бірінші санатты педагогтер сабақ берді. Үлесі 48%. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейлерінде 60 педагог қызмет атқарды. Оның ішінде 2-педагог-шебер, 10 педагог-зерттеуші, 15 педагог-сарапшы, 2 жоғары санатты, 3 бірінші санатты педагогтер. Үлесі 57% құрады.

2022-2023 оқу жылында барлығы 122 мұғалім қызмет атқарады. Оның ішінде бастауыш сыныпта 53 педагогтің 1 педагог-шебер, 15 педагог-зерттеуші, 7 педагог-сарапшы, 1 жоғары санатты, 2 бірінші санатты педагогтер. Үлесі 49 %. Орта буында 5-9

сыныптарда сабақ береді – 70 педагог. Оның ішінде: педагог-шебер – 4, педагог-зерттеуші – 1, педагог-сарапшы- 17, бірінші санат -2, сапалық құрам – 51,4 %. Жоғары буында 10-11 сыныптарда барлығы сабақ береді – 21 педагог. Оның ішінде педагог-шебер – 2, педагог-зерттеуші – 7, педагог-сарапшы- 8, сапалық құрам – 80,9 %.

Біліктілік санатын беру (растау) туралы куәліктерді тіркеу және беру журналы 2019 жылы басталды. 2020-2021 оқу жылында 16 педагог аттестаттаудан өтті. 2 педагогке педагог-шебер, 3 педагогке педагог-зерттеуші, 4 педагогке педагог-сарапшы, санаты, 7 педагогке педагог-модератор санаты берілді. 2021-2022 оқу жылында 24 мұғалім аттестаттаудан өтті. 1 педагогке педагог-шебер, 8 педагогке педагог-зерттеуші, 5 педагогке педагог-сарапшы санаты, 10 педагогке педагог-модератор санаты берілген. Заңнама бойынша педагог қызметкерлер 5 жылда бір реттен сиретпей біліктілігі мен білімін растап және санатын көтеріп отыр. 5 жылда өтпеген төмендегі педагогтер бойынша санатын төмендету және ұзарту бойынша бұйрықтар бар. *(бұйрықтар қоса тіркеледі)*

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығының 1-тарауының 27-тармақшасына (Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жалғастырушы зейнеткерлік жастағы педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) рәсімі жалпы негізде жүргізіледі. Жалпы негізде біліктілік санатын беру (растау) рәсімінен бас тартқан жағдайда біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді.) сәйкес бастауыш сынып мұғалімі А.Ж. Куанышалиеваның жоғары санаты бірінші біліктілік санатына мектепшілік 2021 жылдың 01 қыркүйектегі №165-п бұйрығымен бір санатқа төмендетілген.

Дене шынықтыру мұғалімі Шагуанов Р.А. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (85. Қайта біліктілік тестілеуінен өтпеген біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар үшін қазіргі біліктілік санатының күші тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде бір біліктілік санатына төмендетіледі.) сәйкес 2021 жылдың 01 қыркүйектегі №165-п бұйрығымен бірінші санаттан екінші санатқа төмендетілді.

Бастауыш сынып мұғалімі Ж.Ч. Андированың жоғары біліктілік санаты Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығына (18. Біліктілік санаты педагогтердің өтініші негізінде, бірақ келесі жағдайларда үш жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады: 1) «Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 367 [бұйрығымен](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11512 болып тіркелген) бекітілген әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесіне сәйкес педагогтің уақытша еңбекке жарамсыздығы;) сәйкес мектепшілік 2021 жылдың 31 тамызындағы №121-лс бұйрығы негізінде қолда бар жоғары біліктілік санаты 3 жылға ұзартылды.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығының 52 тармағына сәйкес көркем еңбек пәні мұғалімі

М.Г.Габдуллиннің біліктілік санаты 2022 жылғы 01 қыркүйектегі мектепшілік № 173-Ө бұйрығымен «педагог» санатына төмендетілді.

Санаттары бойынша (эстетикалық бағыт бойынша)

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	I	II	санатсыз	Басшылар	%
2020-2021	11	0	0	1	2	1	2	1	4		36,4 %
2021-2022	15	0	1	1	3	1	3	2	4	0	40 %
2022-2023	19	0	1	2	2	0	4	2	8	0	36,8%

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №192 бұйрығының 1-тарауының 27-тармақшасына сәйкес Эстетикалық бағытта қызмет атқартын мұғалімдері: Думчева В.С., Свешникова Н.Н. Боброва И.П. санаттары мектепшілік 2021 жылдың 01 қыркүйектегі №165 бұйрығымен бір санатқа төмендетілген.

Эстетикалық бағыт бойынша қосымша білім беру педагогы Р.Х. Абдугалиева Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (85. Қайта біліктілік тестілеуінен өтпеген біліктілік санаттарын алу (растау) үшін кезекті аттестаттаудан өтетін аттестатталушылар үшін қазіргі біліктілік санатының күші тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде бір біліктілік санатына төмендетіледі.) сәйкес 2021 жылдың 01 қыркүйектегі №165-п бұйрығымен бірінші санаттан екінші санатқа төмендетілді.

Еңбек өтілдері бойынша

Оқу жылы	барлығы	0-3	3-5	6-10	11-15	16-20	20жж
2020-2021	77	11	6	7	5	17	31
2021-2022	112	23	6	10	7	24	42
2022-2023	122	24	7	13	10	23	45

Әдістемелік жұмыс – педагог кадрлардың ғылыми - ілімдік, кәсіптік, әдістемелік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісі.

Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясында әдістемелік қызмет 4 бағытта жұмыс жасап келеді:

«Көшбасшылар керуені» шеберханасындағы тренер педагогтер мен педагог-шебер ұстаздар мектептің жағдайын зерделеу және мақсат қоя отырып, мектептің дамыту жоспарын әзірлеу жұмыстарын жүзеге асырады, мектептегі жұмыстарды тиімді ұйымдастырады.

«Сырттай сүйемелдеу» шеберханасы - жас маман және жаңадан келген мұғалімдерге педагогтік қызметтегі кездескен қиындықтарды жеңуіне көмектеседі, кәсіби өсуіне мүмкіндік жасайды.

«Үздіксіз тәжірибе» шеберханасы жұмысының жоспары бойынша оқу мен тәрбие сапасын көтеруде біліктілікті арттыру курстарында, семинар, конференцияларға, педагогикалық оқылымдарға, шығармашылық есеп беру жұмыстары жүргізіледі.

«Табысты оқушы» шеберханасы оқушылармен жұмысты жүзеге асырады. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жүйелейді, оқушылардың зерттеушілік, жобалық қызметін ұйымдастырады; «Экомектеп», «Оқуға құштар», «Цифрлық мектеп», «Profitime» жобаларының жұмысын жүргізуді жүзеге асырады.

Мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін дамыту, өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беру мақсатында гимназиямызда **«Жоспарлаудың жедел тәсілі»** жобасы жүргізіліп келеді. Бұл – педагог мұғалімдердің инновациялық жобасы, дайын ресурс, брендтік өнімі.

Жобаның мақсаты:

- Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің өсуіне ықпал ету;
- Мұғалімнің шағармашылық дамуына мүмкіндік беру;
- Педагогтердің бәсекеге қабілеттілігі арту;
- Мұғалім өзін-өзі жетілдіреді, кәсіби кемелденуіне жағдай туғызу.

Жоспарлаудың жедел тәсілін жүзеге асыру төмендегідей жүзеге асады:

- Әр мұғалім 1 жылға арналған өзінің жетілдіру жоспарын жасайды;
- Өз жоспарында жұмыс түрін, мақсатын, күтілетін нәтижесін көрсетеді;
- Жыл бойы өзінің жоспары бойынша жұмыстанады, мектептің оқу-тәрбие үрдісіне өз үлесін қосады;
- Жыл аяғында жұмыс нәтижесі бойынша есеп береді.

Нәтижесінде педагог өз тәжірибесімен бөліседі, авторлық бағдарлама ретінде ұсына алады, кәсіби біліктілігін көтереді, әр түрлі байқауларға қатыса алады.

Республикалық «Мектеп оқушыларын ұлттық және мәдени құндылықтар негізінде оқыту мен тәрбиелеу» тақырыбындағы мектеп директорларына арналған семинарда үздік деп танылған жұмыстардың жәрмеңкесінде төмендегі мұғалімдер өз жұмыстарын таныстырып өтті. Атап айтсақ «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда оқушылардың ұлттық және мәдени құндылықтарын арттыру» тақырыбымен қазақ тілі мұғалімдері Акашаева З.М., Бисенғалиева С.С., Джумашева Г.М., Үмбетова Р.Ұ. Абдрахманова А.Д., «Химиялық элементтерді зерттеу» тақырыбындағы жұмысымен Орынғалиева А.Р., «Practice is better than precept!» тақырыбымен Ким Е.В. Уразаева Р.Ж. Балманова А.Т. Тансарова Г.К., «Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытуда оқушылардың қызығушылықтарын арттыру» тақырыбы бойынша Жусупкалиева К.Х., Ашекенова Ұ.Е.,

Негметов М.Ж., Баубекова Ж.Ж., Исатай Ә.Ш. өз жұмыстарымен таныстырып, әріптестерінің жоғары бағасына ие болды. Аталған жұмыстардың барлығы Республикалық көлеміндегі басылымға жариялануға ұсынылды.

Педагог өз қызметіне қатысты инновацияларды, технологияларды, өзгерістерді жақсы меңгеру нәтижесінде түрлі сайыстар мен байқаулардың жүлдерлері атанып келеді. 2022-2023 оқу жылы ішінде гимназия мұғалімдерінің төмендегідей жетістіктерін атап айтуға болады. Облыстық «Ең үздік жетекші мектеп» байқауында Эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясы командасы жүлделі I орын иеленді. Облыстық «Құрметті педагог» байқауының жеңімпазы бастауыш сынып мұғалімі Рахметова Ақгүл Жәрдемқызы 946 мың сыйақы сертификатын иеленді. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған өңірлік «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасында бастауыш сынып мұғалімі Тулеушова Арайлым Рахымғалиевна жүлделі III орынға ие болды. Жас педагогтер арасында өткен «Тәлімгерден талап-жас маманға қанат» облыстық байқауында гимназиямыздың тәлімгер ұстазы, гимназиямыздағы «Сырттай сүйемелдеу» жас мамандар мектебінің жетекшісі Бисенғалиева Сәуле Сәрсенғалиевна және жас маман Есентемір Назерке Сайлауқызы «Әдіскер көшбасшы» номинациясымен марапатталды. «Team Leaders» Қазақстан Республикасы Батыс өңірі жетекші мектептерінің YI аймақтық форум аясындағы I аймақтық жетекші мектеп командаларының олимпиадасында Эстетикалық бағыттағы гимназиясы жүлделі III орын иеленгені үшін Дипломмен марапатталды.

Білім алушылар контингенті.

оқыту кезеңдері	2020 -2021о.ж		2021 -2022о.ж		2022-2023 о.ж	
	саны		саны		саны	
	оқушы	сынып	оқушы	сынып	оқушы	сынып
бастауыш сынып	470	18	812	28	920	31
негізгі мектеп	327	15	479	22	626	26
орта мектеп	66	4	67	4	63	4
мектеп бойынша барлығы	863	37	1358	54	1609	61

Пәндер бойынша білім сапасы				
№	Жылдар	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Бастауыш буын				
1	Қазақ тілі (к/с)	89,6	83,3	90,4
2	Қазақ тілі (о/с)	86,7	81	84,7
3	Әдебиеттік оқу	92,4	92,1	88,4

4	Орыс тілі (к/с)	90,9	92,7	94,3
5	Орыс тілі (о/с)	95,1	88,6	88,8
6	Ағылшын тілі	91,4	89,9	91,3
7	Математика	92,6	82,1	82,7
8	Дүниестану	92,1	89,8	99,3
9	Жаратылыстану	90,4	89,2	93,9
Негізгі буын				
1	Қазақ тілі	86,5	81,7	82,2
2	Қазақ әдебиеті	89,9	95,02	91,6
3	Орыс тілі мен әдебиеті	84,6	89,6	81,8
4	Орыс әдебиеті	79,8	85,6	79,1
5	Ағылшын тілі	76,2	85,01	83,2
6	Математика	70,9	86,6	77,4
7	Алгебра	55,9	70,5	78,3
8	Геометрия	72,7	78,08	78,1
9	Информатика	89,4	97,2	98,1
10	Жаратылыстану	86,1	96	97,2
11	География	60,3	95,4	94,1
12	Биология	88,8	95,2	93,2
13	Физика	71,9	81,6	80,4
14	Химия	74,4	96,5	87,9
15	Қазақстан тарихы	95,05	85,7	86,4
16	Дүниежүзі тарихы	95,07	91,2	92,0
Орта буын				
1	Қазақ тілі	79,9	65,8	80,9
2	Орыс тілі	96,9	91,8	81,8
3	Орыс әдебиеті	89,3	86,8	86,9
4	Орыс тілі мен әдебиеті	-	-	93,9
5	Ағылшын тілі	93,8	98,2	93,5
6	Алгебра және анализ бастамалары	58,7	58,8	58,3

7	Геометрия	91,1	71,3	81,4
8	География	95,4	96,8	85,8
9	Биология	97,3	96,5	93,3
10	Физика	89,3	71,8	69,1
11	Химия	-	-	96,9
12	Қазақстан тарихы	78,5	89,6	88,8
13	Дүниежүзі тарихы	94,7	95,1	87,8

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу. Кәсіпке баулу – бұл әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескере отырып, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі.

10-сыныпты оқытудағы басты ерекшелік білім алушыны нақты мамандануға және оның болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақта таңдауы мүмкін мамандығына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерін таңдауға бағытталды.

Жоғары сынып оқушыларының болашақ мамандығын дұрыс таңдауына қолдау көрсету мақсатында ақпараттық түсініктер ұйымдастырылды.

- ✓ Кәсіби бағдар беруге арналған ақпараттық ресурстар: «Оқу бағдарламалары» топтамасы және таңдау пәндері бойынша мамандықтар тізбесі, «JOO.kz ақпараттық-сараптама порталы, «Түлек-2020» ақпараттық-хабарлама бұрышы.
- ✓ Қазақстан Республикасының және шет елдердің ЖОО-мен таныстыру: ЖОО өкілдермен кездесулер; «Ашық есік» күндері, ЖОО көрмелері мен жәрмеңкелері; Мектеп түлектерімен кездесу кештері, ҚР Жоғары оқу орындары рейтингі, ҚР және шетел ЖОО туралы интернет ресурстары;
- ✓ Психологиялық-диагностикалық сауалнамалар.

Оқу жылы	Түлек	Білім сапасы	Үздік аттестат	Алтын белгі
2020 - 2021	32	71,8 %	1	2
2021 - 2022	29	48,2 %	1	0

Оқу жылы	Түлек саны	Ұбт-ға қатысты	Қатысу %	түскені		түскені
				ЖОО	Колледж	грант

		конкурсқа қатысу үшін		саны	%	саны	%	саны	%
2020 - 2021	32	18	56,2	31	96,8	1	3,1	6	18,7
2021 - 2022	29	18	62,06	27	93,1	2	6,8	7	24,1

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

Білім беру ұйымында аймақтық психологиялық-медициналық - педагогикалық кеңес беру орталығында соңғы екі жылдық бойынша есепте тұрған оқушылар саны: 6.

Дегенмен, ПМПК қорытындысына сәйкес бұл оқушылар жалпы орта білім беретін оқу бағдарламасымен оқытылады. 6 оқушыға арнайы оқу жоспарына өзгерістер мен қосымшалар енгізуді қажет етпейді.

2020-2021 оқу жылында оқушылар болмады.

2022-2023 оқу жылы бойынша 6 оқушы.

2021-2022 оқу жылы бойынша 3 оқушы.

ЭБМГ-да қосымша білім беру үш бағытта жұмыс істейді:

(Ақпарат ретінде: 2020-2021 оқу жылында қосымша білім беру қызметі болмаған)

2021-2022 оқу жылында:

- спорттық бағыт: грек-рим күресі, шахмат, футбол, волейбол, тоғызқұмалақ, каратэ, шаңғы даярлығы, грэпплинг.
- көркемдік-эстетикалық бағыт: «Ажур» қолданбалы өнер үйірмесі, ритмика.
- қоғамдық-әлеуметтік бағыт: «Эверест» пікірсайыс клубы.

2022-2023 оқу жылында:

- спорттық бағыт: шахмат, тоғызқұмалақ, каратэ.
- көркемдік-эстетикалық бағыт: «Ажур» қолданбалы өнер үйірмесі,.
- қоғамдық-әлеуметтік бағыт: «Эверест» пікірсайыс клубы (қазақ тобы), «Эрудит» пікірсайыс клубы (орыс тобы).

Бұл үйірмелер, секцияларға 1-11 сыныптарының (1,2 ауысым) балалары қатысады. Сабақ формасы - топтық.

Есепті кезең ішінде қосымша білім беру педагогтары түрлі іс-шаралар өткізді, мысалы: «Шаңғы даярлығы» секциясының оқушылары жорықтар, өлкетану жорығы-туған өлкенің табиғатымен танысты, «Хореографиялық өнер», «Шахматтың даму тарихынан» тақырыбында сабақ-әңгімелер, мектеп-гимназия оқушылары арасында мектепшілік пікірталастар өткізілді, тоғызқұмалақтан 2-БЖСМ аға жаттықтырушысы Бауыржан Нұрғазыұлының қатысуымен ашық сабақ, оқушыларға арналған шахмат бойынша шеберлік сыныбы өткізілді.

Сонымен қатар, қолданбалы өнер мұғалімдері қолданбалы өнер үйірмесі оқушыларының көркем шығармаларының тұрақты көрмелерін ұйымдастырады. Сондай-ақ, қосымша білім беру педагогтары каникул кезеңінде оқушылардың ата-аналарын тарта

отырып іс-шаралар өткізді: ата-аналар мен балаларға арналған мастер-класстар, каратэ, тоғызқұмалақ, волейбол бойынша, ата-аналар мен балалардың қатысуымен сурет салу және панно жасау бойынша шеберлік сыныптары өткізілді.

Бұл іс-шаралардың негізгі мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлескен шығармашылық қызмет арқылы отбасын бірыңғай білім беру кеңістігіне тарту.

2021-2022 оқу жылында спорт секцияларына 279 оқушы, қызығушылықтары бойынша үйірмелерге 69 оқушы қатысты. Ұзартылған күн топтарына қатысқан балалар үшін шахмат, римика, қолданбалы өнер бойынша үйірмелер өткізіледі. Оқушыларды спорт секцияларымен, үйірмелермен қамту оқушылардың жалпы санының 54% -н құрады. 2022-2023 оқу жылында үйірмелерге, қосымша білім беру секцияларына қатысатын оқушылардың жалпы саны 350 оқушыны құрайды. Спорттық бағыт – 150 оқушы, қызығушылықтары бойынша үйірмелер – 200 оқушы.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде оқу жоспары жасалды. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 тіркелген (8-қосымша).

Үйірмелердің, оқу жоспары секцияларының барлық бағыттары бойынша оқу бағдарламалары бар. Секциялардағы, үйірмелердегі сабақтардың ұзақтығы 1 академиялық сағат (45 минут).

Қосымша білім беру оқушылары мен педагогтары халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық, аудандық жарыстарда, конкурстарда белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді.

Мектепшілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбына «Инновациялық жүйенің моделін енгізу арқылы зияткерлік және шығармашылық әлеуетті дамыту» алынған. **Оқу жылына қойылған мақсатына** «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу және олардың бойында рухани-адамгершілік, құқықтық, патриоттық, жаплыадамзаттық қасиеттерді қалыптастыру көрсетілген.

Тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Эстетикалық бағыттағы гиназияның **2021-2022 оқу жылына** тәрбие жоспары:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен);
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-ІҮ2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен);
- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (24.05.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 483-ІҮ Заңы (22.12.2016 ж. өзгертулермен және толықтырулармен);
- Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы (Астана қ., 12 сәуір 2017 ж.);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамыту. 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2016 жыл»;
- Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы (Астана қаласы 21 қараша 2018 ж.);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен мақұлданған «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын негізге ала отырып, эстетикалық бағыттағы гимназияның тәрбие жұмысының жүйесі «Мәңгілік ел» құндылықтары мен Отанға деген сүйіспеншіліктері жоғары, адами құндылықтарды бағалайтын, шығармашыл, көшбасшы, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталды.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылған.

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталған. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика - оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргізілген. Оқушыларды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылауда. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейтіндігін анық көре аламыз.

Сынып жетекшілер бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарып, жылына 5 рет сынып жетекшілер әдістемелік отырыстар өткізілген.

Шара атауы	Тартылатын сыныптар	Қамтылған оқушы саны	
		сәуір айының басы	сәуір айының аяғы
«Терезедегі зертхана» жұмысы	1-5 сыныптар	15 тәрбиеші	15 тәрбиеші
«Мен жасаймын!» жобасы 1. «Жасыл қалемше» акциясы 2. «Макулатураны тапсыр да, ағаштың өмірін сақтап қал» акциясы	1-11 сыныптар	30 оқушы 15 ата-ана, педагогтер	40 оқушы, 20 ата-ана, педагогтер
«Жердің иесімін» жобасы «Өз ағашыңды отырғыз» акциясы	8-11 сыныптар	20 оқушы, 25 ата-ана, педагогтер	30 оқушы, 30 ата-ана, педагогтер
«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтуға тілі жоқ..» жобасы	1-11 сыныптар	10 оқушы	15 оқушы
«Табиғатым байлығым» эко-арт жобасы	1-11 сыныптар	10 оқушы	15 оқушы

Медициналық қызмет мектепте көрсетіледі. Мектептің медициналық кабинетінің құрамында дәрігер-педиатр және медбике жұмыс істейді. Кабинет жұмысын №5 қалалық емхананың бас дәрігері лауазымына тағайындалған дәрігер басқарады. Жұмысты жоспарлау, медициналық кабинетті жарақтандыру тиісті нормативтік құжаттармен айқындалатын белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Кабинетте тікелей медициналық көмек көрсетуді №5 қалалық емхананың басшысы бекіткен кестеге сәйкес дәрігер мен медбике жүзеге асырады. (Лицензия №00840DL, от 30.01.2013ж) Профилактикалық тексерулер ҚР ДСМ бұйрығына сәйкес кезең кезеңімен жүргізілген:

- дәрігерге дейінгі,
- педиатриялық,
- мамандандырылған.

Санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру мектеп асханасында жүзеге асады. Асханада санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар. (№ L.13.X.KZ89VWF00062479 от 31.03.2022ж.). Асхана жалға берілмейді.

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық база. Құрылыстың типі-Типтік жоба. Мектептің жалпы алаңы: 15137,4 ш.м. Пайдалы алаңы: 15137,4 ш.м. құрылыс ауданы: 4481,9 ш.м. пайдалы ауданында кабинеттер, кәсіптер бойынша зертханалар мен шеберханалар, мәжіліс және спорт залдары бар. Санитарлық тораптар: унитаздар, қолжуғыштар орнатылған. Білім беру ұйымының және іргелес жатқан аумақтарында бейнебақылау бар. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасақталған (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустар, есіктер мен басталдақтарды контрасты бояу мен бояулар бар).

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы жақсы деңгейде. (қосымша – 9,10,11,12 ұсынылады)

Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қоры мектепте жылма жыл көбеюде. Жалпы мектеп бойынша кітапхана қоры – 70699 дана. Оқулықтар қоры – 58924, соның ішінде қазақ тілінде-20861, орыс тілінде-29462, ағылшын тілінде-8601; Әдістемелер -158; Электронды оқулықтар - 102; Негізгі қор-11596, оның ішінде қазақ тілінде-4973, орыс тілінде-5842, ағылшын тілінде – 960;Электрондық көркем әдебиет-153 дана.

Мектеп әлеуетінің күшті жақтары: - Тәжірибелі, үздік кадрлардың жаңа мектептің жайлы мүмкіндіктеріне қызығушылық танытып бір ұжымға шоғырлануы; - Жас және креативті ұстаздардың мектептің жұмыс жоспарына өзгерістер енгізуге ынталылығының жоғары деңгейде болуы; -Педагогикалық ұжым арасында жастардың инновациялық жобаларды тиімді жүзеге асыру білу қабілеттілігінің болуы; - Мектеп жаңа шағын ауданда орналасқан және қосымша білім берумен қамтуы басқа мектеппен салыстырғанда мүмкіндігінің жоғарылығы; -Жоғары оқу орындарымен, орта және кәсіптік білім беру, кәсіптік қызмет көрсету мекемелерімен әріптестік қарым-қатынас орнатып, оқу үрдісіне енгізілген шаралардың болуы; - Мектепте оқушыларға арналған сыныптан тыс жұмыс жобаларының көптеп ұйымдастырылуы; -Мектептің өз ерекшелігіне сай өнердің түрлі салаларына қатысты заманауи құрылғылармен жабдықталған арнайы эстет кабинеттердің болуы; - мектеп базасында медициналық-психологиялық оңалту орталығы жасақталуы;	Мектептің әлсіз жақтары: - енгізілген инновацияларды өз деңгейінде жүзеге асыру үшін кейбір мұғалімдердің біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі; - оқу мен оқытуды ұйымдастыруда кейбір пән мұғалімдерінің креативтілігі пен шығармашылығының бәсең болуы; - мектепте оқу үрдісіне қатысты және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру үшін жаратылыстану бағытындағы техникалық оқыту құралдары мен пәндік оқу кабинеттерінің жетіспеуі; - жаратылыстану бағытындағы пәндердің берілу сапасы мен оқу сапасының төмендігі; - оқушы санының шамадан тыс болуы кейбір танымдық жұмыстардың тиімділігін бәсеңдетеді, өйткені барлығын қамту үшін ұйымдастыру жұмыстарының әлсіз болуы; - аралас тілді мектеп болған соң, сабақ үрдісі кезінде жасөспірімдер тарапынан болатын кейбір тәртіпсіздіктердің болуы; - білім беру мекемесінде білім алушылармен ата-аналарға арналған жұмыстар бір жүйеге негізделмеген; - оқу мен тәрбиеге қатысты ұстанымдар мен ұсыныстардың орындалуында өзара байланыстың аз орын алуы; - жоспарланған шаралардың шамадан тыс көптігі, оқу үрдісіне толық берілу мүмкіндігін барша мектеп ұжымы үшін шектейді;
--	---

- Қалалық, облыстық өнер орталықтары мен кітапханалар, спорт ұйымдары, мұражайлармен ынтымақтасу үшін келісім-шарттардың жасалуы; - Әдеби байқаулар, көркемсөз оқу, сахналық қойылымға қабілетті ұстаздар мен оқушылар қатарының көптігі;	- ішкі тәртіп ережелеріне сай ұйымдастырылған кейбір жиындарда тайм-менеджменттің сақталмауы, жұмыс өнімділігінің тиімділігін төмендетеді.
Сыртқы ортаның мүмкіндіктері: - өңірлік педагогикалық, техникалық жоғары оқу орындарында, педагогикалық шеберлік орталығы, «Өрлеу» БАИ, «Ұлттық ұстаз» академиясы және басқа да ведомстволық білім беру ұйымдарында мектепті дамытуға, ғылыми-әдістемелік қолдауды жүзеге асыруға қабілетті тәжірибелі сарапшы мен тренерлердің болуы; - қалалық, облыстық, республикалық іс-шаралар кезінде басқа мектептердің инновациялық қызмет тәжірибесін зерделеудің мүмкіндігі; - білім беруді ұйымдастырушы және атқарушы органдардың мектептегі инновациялық қызметін қолдауы және жағдай жасауы; - оқушылардың ата-аналары мектеп үшін көмек көрсетуге дайын; - түрлі бизнес өкілдері мен ұйымдардың білім беру саласында өткізетін гранттық жобалар конкурстары мектептің жоспарларын іске асыруда қаржылық және ұйымдық қолдау көрсете алады; - қалалық, облыстық кәсіпкерлік орталарында мектепке материалдық көмек көрсетуге ниет білдірген және қабілетті көшбасшылар бар; - қаланың жоғары оқу орындарының, орта және бастауыш кәсіптік білім беру мекемелерінің басшылығы бейінді оқытуды ұйымдастыру саласында әріптестік қатынастарды жүзеге асыруға дайын; - оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда мектепке қолдау көрсете алатын кітапхана және өнер ордаларының, спорт кешендерінің болуы;	Сыртқы орта тарапынан қауіп төндіретін факторлар: - мұғалімдерге жалақы алу күніндегі нақтылықтың болмауы және іс-сапарға қажетті шығындардың кешіктірілуі, мектептің жеткіліксіз қаржыландырылуы; - мектеп аумағына жаңадан көшіп келген тұрғындар көп, басқа аралас тілді мектеп жоқ, гимназия талабы үшін қауіптің болуы; - мектеп ғимараты қаланың шетінде орналасқандықтан, жол сақшылары аз. Осы орайда оқушылар мектепке дейін мопед пен электроскутерді заңсыз жүргізуінің орын алуы; -Мектепке келетін қоғамдық көлік пен таксилердің қала орталығынан қатынауы көңілге қонымсыз, аралық жиілік ұзақ. Таксилердің бағасы қымбат болуы, ауа-райы қолайсыз кездерде оқу үрдісіне едәуір қиындық тудырады; - мектепке қарсы супермаркеттердің орналасуы, зиянды тағам мен сусын түрлерін сатып алу мүмкіндігін тудырады және кейбір оқушылар үшін ұрлыққа жол салады; - оқушылардың ата-аналарының едәуір бөлігі өз балаларының мектепте оқуына қызығушылық танытпайды, ата-аналар жиналысына келмейді, мектеп істеріне көңіл бөлмейді; - оқушылардың ата-аналарының арасында отбасылық кикілжің орын алып, мектеп қабырғасында жалғасын табатын кездердің болуы;

- қалалық, облыстық ішкі істер бөлімінің басшылығы білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстарға көмек көрсетуге дайын; - мектеп медициналық-психологиялық қолдау көрсету үшін №5 емханамен ынтымақтастықта жұмыс істейді, ол білім беру процесінің барлық қатысушыларына пәрменді көмек көрсете алады және т.б.	- әлеуметтік желі арқылы ата-аналар мен қоғам белсенділерінің мектеп құндылықтарына қарсы келушілердің табылуы;
---	---

2.2.Гимназияның инновациялық әлеуетін бағалау

1. Кадрлық ресурстар (SWOT талдау)

<i>Ішкі күшті жақтары</i>	<i>Ішкі осал жақтары</i>	<i>Қолайлы мүмкіндіктер</i>	<i>Сыртқы қауіптер</i>
1. Педагогикалық кадрлардың 99 % жоғары білімді; 2. Сапалық құрам 52 %; 3. Жаңартылған білім беру мазмұны идеясын 100 % қолданады, 4. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі - 100 %, 5. Педагогтардың курстар арқылы біліктілікті арттыруы - 100%, 6. Педагогика ғылымдары магистрі - 22%, 7. Жас мамандардың үш тілді меңгеруі – 35%; 8. Блокинг арқылы менторлық қызмет етушілер -5 % , 9. START-UP, новаторлар - 2%	1. Өзгерісті қолдануда ішкі уәждің жеткіліксіздігі; 2. “Мен” позициясын ұстанушылардың ішінара болуы; 3. Өзін-өзі бағалауы төмен тұлғалардың кездесуі; 4. Зерттеуге, ынтымақтастық ортада жұмыс жасауға ынтаның аса болмауы; 5. Мектеп мәдениетін ұстануда оң көзқарас танытпауы; 6. Педагогтердің өз тәжірибесін заманауи сандық форматта таратудың әлсіздігі.	1.Педагогтарды ынталандырудың жүйесін қалыптастыру; 2.Кәсіби қоғамдастық шеңберінде командамен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру (ЖОО, ПШО, Өрлеу); 3. Новаторлардың идеяларын жүзеге асыруға жағдай жасау; 4.Академиялық адалдық пен ашықтықты насихаттау; 5. Кәсіби даму траекториясын кеңейтуге мүмкіндік жасау.	1. Бастауыш сынып және орта буын (математика, орыс тілі) пән мұғалімдеріне деген қажеттіліктің өсуі; 2. Педагогтардың “Толық адам” концепциясына сәйкессіздігі; 3. Жас мамандардағы пәндік құзыреттіліктің төмендігі.

10. Кадрлармен толық қамтамасыз етілуі				
--	--	--	--	--

2. Материалдық техникалық ресурстар (SWOT талдау)

<i>Ішкі күшті жақтары</i>	<i>Ішкі осал жақтары</i>	<i>Қолайлы мүмкіндіктер</i>	<i>Сыртқы қауіптер</i>
1. Интернет желісіне қосылған жаңа модификациялық үлгідегі кабинеттердің болуы. 2. оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жабдыкталуы 3. Ыстық тамақпен қамту үшін жаңа модификациядағы қамтылуы 4. Медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндіктің болуы	1. Интернет жүйесінің тұрақсыздығы 2. Ғимараттың жобалық қуаттылығынан бала санының 3 есе көптігі 3. Спорт инвентарының толымсыздығы	1. Ақпараттық құрылғыларын меңгеруге, онлайн оқыту үшін Интернетті пайдалану мүмкіндіктері. 2. Мектептің МТБ дамыту мәселелерін шешуге әлеуметтік әріптестерді тарту, қамқоршылық кеңестің жұмысын оңтайландыру	1. Интернет байланысының жылдамдығының баяу жұмыс жасауы. 2. Мектептегі оқушы санының күрт артуы, жобалық қуаттың сай келмеуі.

3. Ақпараттық ресурстар

<i>Ішкі күшті жақтары</i>	<i>Ішкі осал жақтары</i>	<i>Қолайлы мүмкіндіктер</i>	<i>Сыртқы қауіптер</i>
---------------------------	--------------------------	-----------------------------	------------------------

1. Интернет, білім беру платформалары тегін әрі қолжетімді; 2. Кітапхана қоры жеткілікті; 3. Деректер қоры, сынып журналы, 4. Бала қауіпсіздігінің ақпараттандырылуы (турникет, QR). 5. Ақпараттық ресурстар көмегімен мектептің танымалдығын арттыру (бренд қалыптастыру); 6. Түрлі ресурстар, платформалар арқылы педагогтердің білім беруіндегі сандық әдіс-тәсілдер арқылы оқушы қызығушылығын арттыру мүмкіндіктері;	1. АКТ құралдарының тез істен шығуы; 2. Интернет жылдамдығының аздығы; 3. Электронды жүйедегі кептеліс. 4. Мектеп асханасы электронды жүйеге қосылмағаны	1. Гимназия жұмысының нәтижелерін әлеуметтік желілерде жариялау және насихаттау (YouTube, Tik Tok, телеграмм, инстаграмм, фейсбук, т.б.); 2. Гимназия бағыттарына сәйкес мамандандыру үрдісін стейкфлдерлер арқылы жүргізу	1. Қаражаттың жеткілікті бөлінбеуі; 2. Контингенттің көбеюіне байланысты ақпараттық ресурстарға қажеттіліктің артуы.
--	---	---	---

4. Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар (SWOT талдау)

<i>Ішкі күшті жақтары</i>	<i>Ішкі осал жақтары</i>	<i>Қолайлы мүмкіндіктер</i>	<i>Сыртқы қауіптер</i>
1. Жүйелі түрде инновациялық бағытқа негізделген семинар, тренинг, коучтардың ұйымдастырылуы 2. Мұғалімдердің біліктілік курстарынан толық және уақытында өтуі 3. 80 % педагогтердің инновацияға көзқарастың өзгеруі 4. Педагогтердің 30% цифрлық құзыреттілік курсымен қамтылуы	1. Білім алушыларды жеткілікті түрде ғылыми, инновациялық жоба, зерттеу жұмысының жүйесіздігі 2. Кабинеттік жүйені енгізу мүмкіндігінің болмауы	1. Шығармашылық топтың жұмысы жандануы 2. Озат тәжірибені тарату бойынша жұмыстарды жүргізілуі 3. Курстан өткен педагогтердің мектеп ішінде тәжірибе алмасуы 4. Педагогтардың түрлі деңгейдегі байқаулардан жүлделі орын алуы	1. Шығармашыл жаңашыл педагогтердің назардан тыс қалуы 2. Тәлім алушы мен тәлім берушілердің жұмысының жүйелі болмауы 3. Педагогтар тапшылығы: бастауыш сыныптар, математика

5. Сабақты зерттеу үрдісінің қалыпты түрде жүргізілуі			
---	--	--	--

5. Білім беру мазмұнын іске асыру (SWOT талдау)

<i>Ішкі күшті жақтары</i>	<i>Ішкі осал жақтары</i>	<i>Қолайлы мүмкіндіктер</i>	<i>Сыртық қауіптер</i>
1. Жас мамандарды қолдау жұмысының жүйелілігі 2. Командалық жұмыстың тиімді жүргізілуі 3. Білім мазмұнына сай мектепішілік бақылаудың жүйеленуі 4. Халықаралық зерттеуге дайындық тренажерлардың болуы	1. Өзін-өзі оқыту ұйымы ретінде әлі де қалыптаспауы 2. Педагогтар тарапынан бағалау критерийлерін ескермеуі	1. Сыйақы, үстемақы беру мүмкіндігінің болуы; 2. Демеушілердің болуы, табылуы; 3. Таңдау пәндерінің мамандыққа бағытталуы; 4. Ғылыми-әдістемелік қолдауды жүзеге асыруға қажетті тәжірибелі сарапшылардың болуы	1. Климаттық өзгерістердің жиі болуы 2. Кейбір ата-аналардың баға сұрауы, жауапкершіліктің төмендігі

6. Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы (SWOT талдау)

<i>Ішкі күшті жақтары</i>	<i>Ішкі осал жақтары</i>	<i>Қолайлы мүмкіндіктер</i>	<i>Сыртық қауіптер</i>
1. Оқу жылының басынан дарынды оқушылардың тізімі жаңаланып, жоспар құрылуы. 2. Мектеп бойынша дарынды оқушылармен жұмыстың даму бағдарламасын жасап, мақсаты мен міндеттерін белгіленуі, жылдық жоспар жасап, бекітілуі. 3. Оқушылардан пән олимпиадасының резервінің болуы 4. Оқушылардың зияткерлік клубын құру 5. Оқушылар мемлекеттік қорытынды аттестаттауды жоғары деңгейде тапсыруы 6. Мектеп оқушылары ғылыми жоба қорғау сайыстарында,	1. Сабақты бақылау барысында айқындалған мұғалім жұмысының жүйесіздігі 2. Академиялық адалдық талаптарының бұзылуы 3. Мектептегі интернет желісінің әлсіздігі 4. Офлайн оқушылардың халықаралық, республикалық байқаулардың жеңімпаздарының аз болуы 5. Үздік куәлікке, Алтын белгі мен «Үздік аттестатқа» ие болуы	1. Стейкхолдерлер ЖОО, колледждермен ынтымақтастық қарым қатынастың орнатылуы. 2. Гимназияға қабылдауда іріктеу мүмкіндігінің болуы 3. Оқушылардың жан-жақты білім алуына мектеп кітапханасы барлық оқулықтармен қамтамасыз етілуі 4. Оқушылардың қабілеттерін қалыптастыратын қолайлы ортаның болуы	1. Сыртқы бақылаумен расталмайтын жоғары бағалардың қойылуы 2. Ата-аналар немесе оқушылар тарапынан шағымдардың болуы 3. Оқушылардың бос уақытында интернетте көп отыруы 4.

интеллектуалды конкурстарда жоғары нәтиже көрсетуі 7. Lesson Study зерттеу сабақтарын жоғары деңгейде өтуі	6. Мектеп оқушылары пәндік олимпиадалар төмен нәтиже көрсетуі		
---	---	--	--

7. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары (PEST талдау)

С а я с а т + 1.Мектепте ұлттық құндылықтарға бағытталған дәстүрлердің болуы; 2.Білім алушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы; 3.«Дебат қозғалысы». 4. «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» негізгі жобалардың енгізілуі. 5. Қосымша білім беру ұйымдарының қабілетті оқушыларды қамтуы 6.Өлке және мектеп дамуының тарихын насихаттау арқылы ұлттық құндылыққа тәрбиелеу 7. Атаулы күндердің дәстүрлі ұйымдастылып тұруы. - 1.Өскелең ұрпақтың азаматтық сана-сезімінің қалыптасуына БАҚ-тың теріс әсері. 2.Контенттік (заңсыз және әдепсіз материалдар) және коммуникациялық тәуекелдердің болуы. 3. Әлеуметтік желідегі пайдасыз ақпараттардың теріс әсері	Э к о н о м и к а + 1.Оқушылардың жетістіктері негізінде ынталандыру, марапаттауды ұйымдастыру 2.Демеушілердің қолдауының жолға қойылуы - 1.Интернет желісінің өсуі. 2.Мектеп кабинеттерін пәнге сәйкес жабдықтау үшін қаржыландырудың жеткіліксіздігі 3. Құндылыққа бағдарланған шараларға қаржының бөлінбеуі
Ә л е у м е т + 1.Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тарту; 2.Қала мекемелері мен әлеуметтік серіктестік; 3.Жалпы қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін іздеу; 4. Триягуляция аясында әлеуметтік серіктестік қарым-қатынастар 5.Жалпы мектептің ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің, ”қауіп тобындағы” балалар мен алдын-алу кеңесінің жұмысы. - 1.Кейбір оқушылар мен олардың ата-аналарының тәрбиедегі олқылықтарды жоюға ықпалының төмендігі.	Б а с қ а р у т е х н о л о г и я л а р ы + 1.Мектепте басқару моделін жетілдіру. 2.Оқу бағдарлаларына стандартқа сәйкес құндылықтарының енгізілуі. 3.Әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, тәрбие жұмысының түрлері мен әдістерін енгізу. 4.Жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін басқару трендтерін кеңінен қолдану - 1.Мектептің ұйымдастыру құрылымында тең басқару мен өзін-өзі басқарудың жеткіліксіз дамуы.

2. Жеке тұлғаның қалыптасуына сыртқы ортаның кері әсері 3.Ата-ананың жауапкершілігінің төмендігі 4. Отбасында ұлттық құндылықтардың насихатталуының жеткіліксіздігі	2. Жоғарыдан келетін нұсқаулар мен тапсырмалардың көптігі
---	---

8. Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттар (PEST талдау)

Саясат +Білім беруді тұжырымдамасында қауіпсіздік, зорлық-зомбылықтың алдын алу. Балақорғау жобасы, құқықбұзушылықтың алдын алу, мектеп лигасы, Ақылы спорттық үйірме, Саламатты Қазақстан, КөмекСтопБуллинг, инклюзия -гиперқамқорлық, теріс ақпарат тарату және пайдалану, қозғалыс белсенділігінің азаюы, спорт секцияларының жеткіліксіздігі, психологиялық орталықтар	Экономика +Тегін ыстық тамақ, тегін спорттық үйірме, тегін қосымша білім, тегін тренингтер мен коллорталықтар, сенім телефондары -ақылы тамақтың қымбаттауы, байланыстың қымбаттығы, қосымша білім беруге еңбекақы төмендігі, қосымша білім беру қоғамдық жұмыс ретінде жүзеге асуы
Әлеумет + оқушылар салауаттылықты дағдыландырады, ата-аналар қауіпсіз ортаны қолдайды, қамқоршылық кеңес, демеушілер қауіпсіз орта құруға атсалысады -оқушылардың әлеуметтік алаңдаушылықтың көп болуы, отбасының әлеуметтік жағдайы, әлеуметтік масылдыққа айналу	Технология + жаңа жобаларды пайдалану , салауаттандыруға цифрлық технологияларды пайдалану, материалдық техникалық базаны нығайту -басқарушылық шешімнің шектеулілігі

2.3.Педагогтер мен олардың кәсіби бірлестіктерінің гимназияның дамытудың перспективалары мен бағыттары туралы пікірлерін зерделеу

Ұжым мүшелеріне ТРАСК моделі бойынша сауалнама жүргізілді. Мақсаты – мұғалімдердің сандық технологияларды меңгергенін зерделеу. Сауалнамаға 153 респондент қатысты. Сауалнама техникалық білім, пән мазмұны, педагогикалық білім аспектілерінен құрылған.


4 критерийлі техникалық білім – 50 % (қосымша 1) құрады. Орташа ұпай «4». «2,3» ұпаймен өзін-өзі бағалаушылардың орташа

саны – 60 (39%) респондент. 1.4 критерий «жаңа технологияларды қолдануға арналған дағдылар менде қалыптасқан» нұсқасын «4» ұпаймен 64 (42%) респондент таңдаған. Демек, мектепшілік инновациялық жоба аясында ұжымды білім берудегі трансформациямен қаруландырудың қажеттілігі туындап отыр.

Мазмұн мен педагогикалық білімге 6 критерий ұсынылды. Өз пәндерінің мазмұны бойынша білімдерінің нәтижесі – 79% (қосымша 2) құрады. Орташа ұпай «4». Бұл ретте 2.4. критерий «Халықаралық тәжірибе таратуда» 60 (39%) қатысушы «1» ұпайды, яғни «ешқашан» нұсқасын таңдаған. Шығатын қорытынды, мұғалімдер зерттеу жұмыстарын халықаралық деңгейде таратып, тәжірибе алмасу үлестерін арттыруы қажет. «Пән бойынша ғылыми ойлау, зерттеулерді қадағалау» сынды критерийлерге ең жоғары «5» -тік ұпайды 73 (48%) қатысушы белгілеген. Нәтижесінде ғылыми жұмыстың жүйеленгенін байқауға болады.

Үшінші тармақ педагогикалық білім – 90% (қосымша 3) құрады. Орташа ұпай «5». Ең төменгі «1, 2» ұпаймен «ешқашан, кейде» шкаласы таңдалмаған. 3.1 критерий «Мен сыныптағы оқушыларды қалай бағалау керектігін білемін» нұсқасын «5» ұпаймен 114 (75%) респондент таңдаған. Демек, мұғалімдер оқушылардың оқу үлгерімін бағалау, сыныпты ұжымдастыру бағытындағы әдістемелік әрекеттерінің ахуалы өте жақсы деңгейде.


I. Техникалық білім Қосымша 1



II. Пән мазмұны бойынша білім Қосымша 2





III. Педагогикалық білім Қосымша 3



Қосымша:

ТРАСК ВИЗУАЛИЗАТОРЫ			
Деңгейдегі бағаланатын сұрақтардың саны	6		
Респонденттер саны	33		
Деңгей бойынша ең төменгі ұпай	6		
Деңгей бойынша ең жоғарғы ұпай	30		
ТРАСК моделінің деңгейі	Деңгей бойынша респонденттердің ұпайы	Барлық деңгей бойынша респонденттердің ұпайы	Жиналған ұпайдың жоғары деңгеймен салыстырмалы түрдегі пайыздық қатынасы
1.Технологияларды білуі (ТБ)	492	990	49,7
2. Мазмұнды білуі (МБ)	787	990	79,5
3. Педагогикалық білімі (ПБ)	894	990	90,3
4. Пән бойынша педагогикалық білімі (ППБ)	852	990	86,1
5. Мазмұн бойынша технологиялық білімі (МТБ)	828	990	83,6
6. Технологиядағы педагогикалық білімі (ТПБ)	748	990	75,6
7. Технологиядағы педагогикалық білім мазмұны (ТРАСК)	671	990	67,8
Барлығы	5272	6930,0	76,1



2.4. Білім беру үрдісінің ұсынылған өзгерістердің күтілетін салдарын болжау, өзгерістер тәсілдері мен нысандарын ұсыну

2023 – 2029 жылдарға арналған білім беруді дамытудың жаңа траекториялары білім алушыға педагогикалық қолдау көрсету үлгісіне негізделетін болады, мұнда педагог оқу-тәрбие үдерісінің көмекшісі ретінде балаға әлемді өздігінен тануға, өз

мүмкіндіктерін ашуға және жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып білім алуға мүмкіндік береді. Білім беру ұйымдарында адамның білімділік деңгейін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар өз өмірлік мүдделеріне, қазақстандық қоғамның мүдделерінде де шығармашылық әлеуетін серпінді әлеуметтік-экономикалық жағдайларда іске асыруға қабілетті, түлектің түйінді құзыреттеріне ие, адамгершілігі жоғары және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін атмосфераны қалыптастыру білім беру жүйесінің негізгі бағдары болып табылады. Мектепте қабілетті, таным белсенділігі төмен, ерекше білімді қажет ететін, әлеуметтік осал топтағы отбасылардан шыққан оқушылар тең мүмкіндікте білім алатындықтан бағдарламада жан-жақты дамыту идеялары мен көздері қарастырылды.

Гимназияның жұмыс бағыты «Қоғамның барлық салаларында цифрлық технологияларды тиімді қолдануға дайын, бәсекеге қабілетті, рухани тәлім алған тұлғаны қалыптастыру» деп таңдалынғанына мән берілді. Демек, технологияларды қолдану арқылы тұлға өзіне өмірлік қажетті дағдыны меңгеруі керек. Ол үшін үйретуші мұғалімдер техникалық біліммен қарулануы шарт. Осы жерде басшының тарапынан үлкен қолдау қажет. Ең алдымен, сандық трансформация туралы біліктіліктерін арттыруға жағдай туғызады.

Сандық технология мен ресурсты қолданған кезде қандай өзгерістер пайда болатындығы туралы мынадай тұжырым дайындадық. Білім беру процесі кезінде технология әрқашан педагогикаға пайда әкелуі керек. Гимназияның негізгі бағыты «Қоғамның барлық салаларында цифрлық технологияларды тиімді қолдануға дайын, бәсекеге қабілетті, рухани тәлім алған тұлғаны қалыптастыру». Демек технологияларды қолдану арқылы тұлға өзіне өмірлік қажетті дағдыны меңгеруі керек. Ол үшін үйретуші мұғалімдер техникалық біліммен қарулануы шарт. Сол үшін ең алдымен, сандық трансформация туралы педұжымның біліктіліктерін арттыруға жағдай туғызу қажет. Мектепшілік инновациялық жобалар негізінде креативті идея иесін анықтау керек.

Сандық технологияны қолдануды дәл қазіргі сәт, яғни бүгінгі күнгі жағдай бойынша алар болсақ, өзгеріс пен дамуды SAMR моделін қолдану арқылы жүзеге асырған тиімді деп санаймыз. Себебі бұл модель біздің істеп жүрген жұмысымызды сәл де болса сұранысқа лайықты етеді. Мысалы, күнделікті қысқа мерзімді сабақ жоспарларын осы модельге салу арқылы жұмыс жүргізу. Бұл өзгерістің тиімділігі оқушылар мен мұғалімдер бірізділіктен құтылады. SAMR моделіне құрылған сабақтың өнімін «ПАДагогикалық шеңбер» арқылы үйлестірсе, шығармашылықтың мәні артады. Мысалы, «қазақ әдебиеті» бойынша шығармаларды меңгеруде SAMR-дің 4-кезеңінде оқушы «bookcreator» (<https://bookcreator.com/>) арқылы өз жұмысын ұсына алады. Тағы бір оқушы шығарманы жан-жақты талдау арқылы подкаст дайындауы мүмкін. Подкаст дайындау кезінде кез-келген тұлғаның көркемдік ойлау жүйесі мен эстетикалық талғамы қатар дамитыны анық.

Мұғалімдердің техникалық құралды меңгеру деңгейі білімнің сапасына әсер етеді. SAMR моделіне негізделген қмж үлгілерінің жай күйін бақылауды педагог-зерттеушілер мен педагог-шеберлерге ұсынған жөн. Осы зерделеуден ең төменгі және ең жоғары нәтижеге қол жеткізген мұғалімдердің сабақтарына қатысқан дұрыс болады. Себебін анықтап, әдістемелік кеңестерде, бірлестік отырыстарында кейс түрінде талқылауға ұсынған жөн. Негізгі мақсат дәстүрлі жоспарлаудан алшақ болып модельдің ең жоғары деңгейіне жетуге тырысу. Содан кейін оқу тоқсандары бойынша мектепшілік бақылауға алған дұрыс. Модель бойынша жұмыстарды әр тоқсан сайын жетілдіріп, оқу жылының екінші жартыжылдығында «ПАДагогикалық шеңбер» арқылы Блумға негізделген сабақ құрылымына қол жеткізуге тырысу керек. Соңғы қадам, оқу жылының аяғында әрбір педагогтің авторлық сандық білім ресурсы болғаны тиімдірек деп болжаймыз.


2.5.Білім беру процесінің мазмұнына қанағаттану дәрежесін зерделеу үшін тәрбиеленушілердің/білім алушылардың ата-аналарынан сұхбат алу және сауалнама жинау




Сауалнамаға 1685 респондент қатысты, оның ішінде 977 білім алушы, бұл сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 57% - и және 708 ата-ананы (заңды өкілдерді) құрайды, бұл сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 43% - ы құрайды.

Оқушылардың жауаптарын талдау жасөспірімдердің гимназияның өміріне қанағаттану сезімін қалыптастыруға ықпал еткен білім беру және тәрбие процесінің аспектілері туралы олардың пікірлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Барлық білім алушылар оқу үдерісіне толық қызығушылық танытады және гимназиядағы білім беру қызығушылықтарды, қабілеттерді, шығармашылықты дамытуға ынталандыру және арнайы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді деп санайды. Білім алушылар өзін-өзі жетілдіру көбінесе қосымша білім беру жүйесіндегі сабақтардың арқасында жүреді деп санайды.



Сауалнамаға қатысқандар қосымша білім беруді ғылым негіздерін білу ретінде жеткілікті деңгейде қабылдайды. Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше қосымша білім беру болашақ мамандыққа дайындалуға және жоғары оқу орнына түсуге айтарлықтай әсер етпейді. Қосымша білім беру бірлестіктерінде оқи отырып, білім алушылар жалпы оқу процесінің оқу нәтижелерінен, сабақтағы атмосферадан, құрдастарымен және педагогтармен қарым-қатынастан, өзін, өз қабілеттері мен қабілеттерін көрсету мүмкіндігінен, білім беру мекемесінің беделінен барынша қанағаттанады. Сауалнамаға қатысушылардың бұл тобы жеткілікті деңгейде мұғалімнің талаптары деңгейінен олимпиадалардағы, конкурстардағы, спорттық жарыстардағы жетістіктерге қанағаттануын білдіреді.






Талдау негізінде білім алушылар үшін физикалық және психикалық денсаулықты сақтау және қоғамдық тану (басқаларды, ұжымды, жұмыс жолдастарын құрметтеу) толығымен маңызды деп айтуға болады.

Ата-аналардың (заңды өкілдердің) жауаптарын талдау олардың балаларының білім беру мекемесіндегі өмірге қанағаттану сезімін қалыптастыруға ықпал еткен білім беру және тәрбие процесінің тараптары туралы пікірді анықтауға мүмкіндік береді.


Барлық ата-аналар (заңды өкілдер) гимназиядағы білім беру үрдісі балалардың мүдделерін, қабілеттерін, шығармашылық әлеуетін дамытуға толық ынталандырады деп санайды. Респонденттер тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі, қоршаған өмірді тану мен түсіну және қосымша дағдыларды игеру көбінесе қосымша білім беру жүйесіндегі сабақтардың арқасында болатынын атап өтеді. Білім алушылардың ата-аналары ғылым негіздерін білуге және болашақ мамандықты алуға және жоғары оқу орнына түсуге дайындалуға мүмкіндік алуды атап өтеді. Ата-аналардың 100% - ы балаларының оқу процесіне толық қызығушылық танытады.

Ата-
аналар
көбінесе оқу
процесін



ұйымдастыруға, баласының құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасына, сабақ режиміне қанағаттанушылықтарын білдіреді. Білім алушылардың ата-аналары оқу нәтижелеріне, олимпиадалардағы, конкурстардағы, спорттық жарыстардағы жетістіктеріне, білім беру мекемесінің беделіне жеткілікті деңгейде қанағаттанады. Материалдық-техникалық жарақтандыру және сабақ режимі туралы мәселе материалдық-техникалық жарақтандырумен жеткілікті деңгейде бағалайтын ата-аналарға ғана қойылды.

Білім беру процесіне ересек қатысушылардың орталық ұсынатын қызметтерге қанағаттануы жасөспірімнің сабақ нәтижесінде жеке тұлғаның маңызды адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейтінін түсінуден тұрады. Білім беру мекемесінің оқу-тәрбие жұмысының маңызды көрсеткіші білім алушылардың жеке қасиеттері мен өмірлік маңызды қабілеттерін дамыту болып табылады. Бұл жеке сипаттамаларды оқушылардың ата-аналарына сауалнама жүргізу арқылы зерттеуге болады.



ІІІ БӨЛІМ

3.1 Бағдарламаның пайымы (өзектілігі, реализм, кешенділігі)

Гимназия даму бағдарламасының пайымы: Инновациялық жүйенің моделін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру және зияткерлік әлеуетін дамыту

Бағдар: Оқушылардың академиялық, шығармашылық және эмоционалдық тұрғыда дамуына ықпал ететін замануи бағдарламаларға негізделген жаңа форматтағы кәсіби тұлғаны қалыптастырушы мектеп.

Гимназия бәсекелестік басымдықтары:

- ✓ **Рух және сана:** біз бойында адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қасиеттері қалыптасқан адал, сенімді, кәсіби біліктілігі бар келешек ұрпақты дайындаймыз.
- ✓ **Ұлттық идея және жаһандық интеграция:** гимназия түлегі - Жаңа Қазақстанның қалыптасуына өз үлесін қоса алатын, өз елінің тарихын, ұлттық құндылықтарын дәріптейтін, толерантты тұлға.
- ✓ **Parents Support:** бізді таңдаған ата-аналар баласының болашағы үшін сенімді. Себебі гимназия өз қызметінде білім берумен қатар оқушының бейімділігін анықтап, қосымша кәсіби мамандыққа дайындайды. Бұл орайда біздің гимназия сенімді серіктес.

Біздің басты мақсатымыз оқыту мен тәрбиелеуді кіріктіру арқылы мектеп әлеуетін қадамды жұмыстармен табысты ету, сол арқылы үздіксіз даму баспалдағымен табысты мектеп моделін құру болып табылады. Осылайша біз дәстүрлі жұмыс түрлерін жаңа мазмұндағы жұмыстармен толықтыру арқылы «**DIGITAL ART GYMNASIUM**» моделін жасақтадық. Тұлғаны қоғамға дайындау мектеп қабырғасынан басталады. Ал қоғамдағы құбылыстар үздіксіз өзгеруде, олай болса адамдар да сол өзгеріске дайын болуы тиіс. Қазіргі мектепке енгізіліп отырған өзгерістердің өзі бізден осыны талап етіп отыр. Біз ұсынып отырған модель білім беру саясатының жаңа басымдықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге, мұғалімдерге жоғары кәсіби деңгейге дамуына ықпал етуге, инновациялық процестерді енгізуге көмектеседі.

Гимназияның даму бағдарламасының негізгі тетігі ретінде басты басымдықтары анықталды:

- ✓ Кәсіби бағдар
- ✓ Матрицалық өзін-өзі басқару жүйесі
- ✓ Құндылықтарға негізделген білім

1. Кәсіби бағдар

Гимназия оқушыларының барлық оқу іс-әрекеттерін стратегиялық жоспарлау арқылы вариативті оқытуды кәсіби дағдымен үйлесімді қолдану мақсатында оқу бағдарламаларын екі бағытта DIGITAL SCIENCE және ART PRACTICES ұйымдастырдық. Соның ішінде жасанды интеллект, жоба менеджменті, нанотехнология, STEM, химия, биология, физика, бағдарламалау, Interior Design, Graphic & Web Design, big data, Animation, робототехника, Network Security, Quality assurance and control оқушылардың зерттеушілік, танымдық, дамытушылық дағдыларын шыңдаса, Photography, Filmmaking, Audio Engineering, менеджмент, маркетинг, шығармашылық, ойлау дизайні, халықаралық этикет, WORD & SOUND practices бағдарламалары оқушылардың шығармашылығын, эстетикалық талғамын, әлеуметтік әлеуетін қалыптастырады.

2. Матрицалық өзін-өзі басқару жүйесі



МЕКТЕП ӘКІМШІЛІГІ МЕН ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ



Бұл мектеп моделін жүзеге асыруға оқушылар да тең құқылы араласады. Қазіргі заман оқушысы ғаламтордың жанашыры, ережелерді қабылдамайтын, тең әрі шынайы қарым қатынасқа мұқтаж, өзімен санасуды талап ететін тұлға.

Мектеп өзін-өзі басқару ұйымы оқушыларын мектеп өміріне, мектептің ішкі саясатына, әкімшілік жұмыстарына, оқу және тәрбие үдерістеріне тарту мақсатында мектеп парламентіне матрицалық өзін—өзі басқару жүйесі енгізілді.

3. Құндылықтарға негізделген білім

Гимназиядағы құндылықтарға негізделген білім желілік әкімшілік басқару және желілік өзін өзі басқару жүйесі негізінде жобалар арқылы жүзеге асырылады. **Оның мақсаты:**

- 1) Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, тұлғаны патриотизмге, Отанына адал қызмет етуге және оның мүдделерін қорғауға тәрбиелеу;
- 2) Тұлғалық қасиеттерді дамыту; бәсекеге қабілеттілікті, сын тұрғысынан ойлауды және функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өздігінен шешу қабілетін дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға қажетті жағдайлар жасау;
- 3) Білім алушыларды еңбекқорлыққа жетелей отырып, бойында өзін-өзі тану, өз-өзіне баға беру, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен даму, әлеуметтік жауапкершілік және әлеуметтену дағдыларын қалыптастыру;
- 4) Білім алушылардың да, ұжымның да табыстылығын және денсаулығы мен жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету үшін, мектептің эмоционалды ахуалын жақсарту, білім беру ортасын дамыту;

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер енгізілгеннен кейін мектеп әкімшілігінің алдында оны жүйелі жүзеге асыру мақсаты тұрды. Әрине, бірнеше түйінді сұрақтар қойылды.

Мектептің оқу-тәрбие жоспарын қалай шынайы да сапалы жүзеге асыруға болады?

Жобалық-зерттеушілік үрдісті қалай қарқынға салуға болады?

Әр педагогтың өзіндік дамуын мектептің оқу-тәрбие үрдісімен қалай кіріктіруге болады?

Әр оқушының ішкі уәжінің күшімен өзін-өзі басқаруды қалай жүйелеуге болады?

Қазіргі жағдайда басқарудың әр түрлі деңгейлеріндегі басшыларға оқу-тәрбие процесінің барысын тиімді бақылау мен жоспарлы басқарудың ғылыми негізделген жүйесі қажет. Күрделі әзірлемелерді басқаруға ғылыми көзқарастың мұндай жүйесі Матрицалық ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ болып табылады.

Матрицалық басқару жүйесіне гимназия моделі негіз болды: 6 жоба жасақталды, оларды жетекшілері болып директордың түрлі сала бойынша орынбасарлары тағайындалды. Барлық педагогтар білік-дағдыларына қарай жобалардың жетекшілігіне немесе мүшелігіне тіркелді. Нәтижесінде әр педагог өз жобасын жетілдіре отырып, мектеп моделінің жүзеге асуына ат салысады.

5) Оқу-тәрбие процесінде ата-аналардың қатысу рөлін арттыру;

Бағдарламаның басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм

Мақсаты: Оқушының мемлекетке, туған жерге және мәдени ортасына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Жас буынның бойындағы күш-қуатын, білімін Отан игілігіне жұмсауға, жерін, тілін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрмет тұтуға тәрбиелеу.

2. Ұлттық сана-сезімді арттыру

Мақсаты: Жас ұрпақтың санасы мен көзқарасында ұлттық болмысты сақтай отырып, оларды жаһандық дамумен қатар келетін өзгерістерге ашық болуға үйрету.

3. Білімге басымдық беру

Мақсаты: Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, жаңашылдыққа жақын, үздіксіз білім алуға құштар, саналы әрі сапалы тұлға қалыптастыру.

4. Бәсекеге қабілеттік

Мақсаты: Жаңа дәуір ұрпағын 21 ғасырға лайықты қабілеттерге, сандық сауаттылыққа, шет тілдерін үйренуге, мәдени ашық болуға бағыттау.

5. Еңбекқорлық

Мақсаты: Тұлғаның бойында ерік-жігер, еңбексүйгіштік пен мақсаткерлік қасиеттерін дамытуға, саламатты өмір салтын ұстанып, кәсіби тұрғыда жетілуіне басымдық беру, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалана алуына жол көрсету.

6. Функционалдық сауаттылық

Мақсаты: Оқушының алған білімін практикалық жағдайларда және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті әрі тиімді пайдалануына мүмкіндік жасау.

IV БӨЛІМ

Бағдарлама миссиясы

Гимназия миссиясы: Қоғамның барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайын, бәсекеге қабілетті, рухани тәлім алған тұлғаны қалыптастыру.


Құндылықтары: Отансүйгіштік, сенімділік, көшбасшылық, талғампаздық, шығармашылдық.

4.1. Гимназияның даму жоспарының мақсаты мен міндеттері. Бағдарламаның стратегиялық мақсаттары

Гимназияның даму жоспарының мақсаты: Мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін инновациялық модель арқылы жандандырып, үйлесімді, дамыған тұлға тәрбиелеу

Гимназияның даму жоспарының міндеттері:

- Инновациялық жүйенің модельдерін шығармашылықпен тиімді қолданған кезде оқушылардың білім сапасы арттыру;
- Инновациялық жобаларды дайындау кезінде жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасап, оқушылар ғылыми зерттеу жұмыстарын меңгерту;
- Трендтегі сандық білім ресурстары қолжетімді болып, білім алушылардың зияткерлік әлеуеті мен құзіреттілігі дамыту;
- Шығармашылықпен жұмыстанатын мұғалімдердің саны артып, тұлғаны жан-жақты үйлесімді даму бағытында тәрбиелейді және озат іс-тәжірибелер жариялау.



Стратегиялық мақсат: педагог мамандардың жаңаша кәсіби ойлауын қалыптастыру арқылы әлеуметтік ортада гимназияның білім сапасын арттыру және бәсекеге қабілетін дамыту жолымен қазіргі заман талабына сай әлеуметтік бейімделе алатын, үнемі білім алуға және алған білімін кеңейтуге ұмтылатын, дені сау, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбие, білім беру ортасын құру.

Стратегиялық даму жоспарының құрылымы:

«Digital gymnasium» стратегиялық даму жоспары «КЕМЕЛДЕН», «ЗИЯТКЕР БОЛ!», «STEAM», «LitMediaTime», «ARTSPORT», «ITHUB» кешенді бағдарламасынан тұрады.

4.2. Гимназия қызметінің бірегейлігі

Осы даму бағдарламасын іске асыру нәтижесінде мектептің білім беру жүйесі мынадай ерекшеліктерге ие болады деп болжайды:
Гимназия моделі – 2026 жыл

- гимназия өз оқушыларына тәуелсіз аттестаттау нысандары арқылы расталатын Мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес келетін сапалы білім береді;
- гимназия оқушыларына сапалы білім береді, гимназия түлектері жоғары және орта кәсіптік білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті болады;
- гимназия оқушылары ұлттық құндылықтар арқылы рухани-адамгершілік тәрбиеге баулиды;
- гимназия қызметі оқушылардың денсаулығына зиян келтірмейді, онда оқушылар өздерін қауіпсіз сезінеді және қоршаған ортаның жағымсыз әсерінен қорғалған;
- гимназия педагогтері өз тәжірибелерінде заманауи оқыту технологияларын қолданады;
- гимназияда табысты жұмыс істеуін ғана емес, сонымен қатар дамуын қамтамасыз ететін тиімді басқару жүйесі бар;
- гимназияның заманауи материалдық-техникалық базасы бар, сонымен қатар өз жоспарларын жүзеге асыратын қажетті ресурстармен толық қамтылған;
- гимназияның мәдени, спорттық және ғылыми ұйымдармен кең серіктестік байланысы бар;

Гимназия мұғалімінің моделі – 2026 жыл

- Алдыңғы бөлімдерде айтылғандардың барлығын ескере отырып, құзыретті педагогтың келесі моделі ең орынды болып табылады:
- диалог режимінде жүзеге асырылатын жалпы, коммуникативтік мәдениеттің, теориялық түсініктердің және күрделі коммуникацияны ұйымдастыру тәжірибесінің жоғары деңгейінің болуы;
- пәндік саланың теориясы мен практикасының жетістіктерін игеру қабілеті: өзектілігі, жеткіліктілігі, ғылымы тұрғысынан пәндік білімді талдау қабілетінің болуы;
- педагогикалық қызметтің жеке және өзге де (отандық, шетелдік, тарихи, болжамды) тәжірибесін сыни бағалау және интеграциялауға қабілетті болуы;
- бірегей педагогикалық идеяларды қалыптастыруға және инновациялық педагогикалық нәтижелер алуға мүмкіндік беретін жеке шығармашылық қасиеттерді қалыптастыруға және дамытуға ұмтылуы;
- рефлексиялық мәдениеттің болуы, өзін-өзі көрсету қажеттілігінің қалыптасуы;
- әдістемелік мәдениеттің, тұжырымдамалық ойлау қабілеттері мен дағдыларының, педагогикалық процесті модельдеудің және өз қызметінің нәтижелерін болжаудың болуы;
- педагогикалық үрдістің барлық басқа субъектілерімен бірлесіп әлеуметтік тәжірибені игеруге дайын болуы;
- заман ағымына сәйкес ақпаратты алу, іріктеу, сақтау, молайту, пысықтау және түсіндіру мәдениетін игеруі;
- мұғалім қызметінің негізгі идеяларының бірі ретінде маркетингтік идеяларды жүзеге асыра алуы;
- кәсіби бәсекелестік ұғымын мұғалімнің жеке басын дамытудың қозғаушы идеяларының бірі ретінде қабылдау;
- педагогикалық менеджмент мәдениетінің кең мағынада болуы, яғни құндылықты таңдау жағдайында өзін-өзі анықтауға ұмтылу және бәсекелестік жағдайында кәсіби табыстылықты анықтайтын педагогикалық үрдістің түпкілікті нәтижесі үшін жауапкершілікті қабылдау;

- жүйелік-педагогикалық ойлау туралы теориялық идеялардың қалыптасуы, тұтастай алғанда Педагогикалық қызметті және өзінің педагогикалық қызметін жүйелі зерттеу тәжірибесінің болуы;
- педагогикалық іс-әрекет әдісін мұғалімнің ең жоғары кәсіби құндылықтарының бірі ретінде түсіну.

Гимназия түлегінің моделі – 2026 жыл

Білім мен білігі:

- Қазақстан Республикасының азаматы және патриоты ретінде қалыптасқан, болашақ маман иесі, кәсіби-интеллектуалды тұлға; «Отан», «Өмір мақсаты» құндылықтары мен түсініктерін меңгерген, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, өз Отанына деген мақтаныш сезімінде тәрбиеленген тұлға болуы тиіс;
- Білімін жалғастыру үшін жеткілікті базалық білімінің болуы және пәнаралық деңгейде білімде еркін бағытталған мәселелерді тұтастай көруі қажет;
- Экологиялық сауаттылығы, адам мен табиғаттың өзара байланысын түсінуі шарт;
- Мәдениеттің негізгі жетістіктерін білуі ықтимал;
- Қоғамның барлық салаларында тиімді жұмыс жасау әдістерін білуі, өз білімін көтеруге қабілеттілігінің болуы және сандық технологияларды еркін қолдануы.

Денсаулығы:

- Салауатты өмір салты қалыптасқан. Денсаулығы физиологиялық тұрғыда жетілген;
- Денсаулыққа, салауатты өмір салтына деген дұрыс көзқарасының болуы;
- Стрестен қорғана білуі, аутотренинг жасай білуі;
- Қарапайым медициналық көмек көрсету және төтенше жағдайда білімін қолдана алуы;
- Адам мен оның еңбек ету қабілеттілігінің арасында тура байланыстың бар екендігін білуі.

Танымдық іс-әрекеті

- Танымдық қызығушылығы мен оны жүзеге асыруға ұмтылуы. Әрі қарай оқу үшін таңдаған кәсіп салалары бойынша терең білімді саналы қажетсіну; Білімін жалғастыруға интеллектуалдық дайындығының және қабілетінің болуы. Гимназиядан кейін оқуды жалғастыруға жоғары ынталылығы;
- Білімін іс жүзінде қолдана алуы;
- Еңбегін, өз білімін көтеруін, ғылыми-зерттеу жұмысын тиімді ұйымдастыра білуі;
- Өз бетінше оқу әрекетіне деген дағдысының болуы;
- ҚР Конституциясының Заңын білуі және түсінуі,

Тұлғалық мәдениеті, өмірлік және адамгершілік ұстанымы

- Гуманистік көзқарасының болуы;
- Тұлғаның өзін-өзі анықтай білуі, өзін –өзі жүзеге асыруға ұмтылуы;
- Құқықтық мәдениетінің болуы;
- Құзырлығының, араласу мәдениетінің болуы;
- Жалпы адами құндылықтарды сақтай білуі;
- Адалдығы, принципшілдігі, өзінің көзқарасын, сенімін дәлелдей білуі;

- Оптимизм, қиындықты жеңе білудегі табандылығы;
- Өзін- өзі адекватты бағалай білуі;
- Өз өміріндегі іс- әрекетін әсем және гармониялық үйлесімді түрде құруға тырысатын және құра алатын болуы;

V БӨЛІМ

5.1. Бағдарламаның стратегиялық блогы

Мектептің перспективалық даму жоспары

Мақсаты: Педагог мамандардың инновациялық ойлауын қалыптастыру негізінде заман талабына бейімделген және білімдерін кеңейтуге ұмтылатын, дені сау, адамгершілігі мол тұлға қалыптастыру үшін тәрбие, білім беру ортасын құру.

Күтілетін нәтиже:

- Инновациялық жүйенің модельдерін шығармашылықпен тиімді қолданған кезде оқушылардың білім сапасы артады;
- Инновациялық жобаларды дайындау кезінде жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасап, оқушылар ғылыми зерттеу жұмыстарын меңгереді;
- Трендтегі сандық білім ресурстары қолжетімді болып, білім алушылардың зияткерлік әлеуеті мен құзіреттілігі дамиды;
- Шығармашылықпен жұмыстанатын мұғалімдердің саны артып, тұлғаны жан-жақты үйлесімді даму бағытында тәрбиелейді және озат іс-тәжірибелер жариялайды.

3 жылға арналған мектеп дамуының перспективалық жоспары			
Бағыт	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Құндылықтарға бағдарланған тәрбие (1,5,6)	«Кемелден» жобасы – рухани-танымдық бағыттағы іс-шаралар арқылы жеке тұлғаны дамыту	«Кемелден» бағытының жобаларындағы құндылықтарды насихаттаушы үздіктерді дайындау	«Кемелден» жобаларындағы құндылықтарды насихаттаушыларды республикалық деңгейде жарыққа шығару
Білім беру сапасы (4,7)	«Зияткер бол!» жобасы - білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал ету	«Зияткер бол!» жобасының шараларын дәстүрге айналдыру және қамту аясын кеңейту	«Зияткер бол!» жобасының шараларын стартап жобаларға айналдыру және жүзеге асыру
Педагогтардың әлеуеті (5)	«LitMedia Time» жобасы - Мектеп мәдениетін әлеуметтік жобалар арқылы қалыптастыру.	«LitMedia Time»- Мектеп мәдениетін әлеуметтік жобалар арқылы дамытуда өнімдер дайындау	«LitMedia Time»- жобасынан пайда болған өнімдерді республикалық байқауларға шығару
Қоғамдастық және кәсіби серіктестік (5,7)	«STEAM»- жобасы - білім беруді дамытудың инновациялық тетіктері мен жағдайларын дайындау	«STEAM»-жобасының шараларын дәстүрге айналдыру және қамту аясын кеңейту	«STEAM»-жобасының шараларын стартап жобаларға айналдыру және жүзеге асыру

VI БӨЛІМ

Бағдарламаның қойылған мақсатына қол жеткізу жолдары

Бағдарламаның негізгі бағыттары және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары мен атқаруға тиісті іс-шаралар:

- Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жүзеге асыру және сапалы біліммен қамтамасыз ету;
- Барлық педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамыту;
- Қауіпсіз білім беру ортасын құру, оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, инклюзивті білім беруге жағдай жасау;
- Материалдық-техникалық базаны дамыту.
- «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» кешенді түрде іске асыру арқылы тәрбие жұмысын жетілдіру;
- Білім беру деңгейлері бойынша гимназия дамыту бағыттарын іске асыру.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына сүйене отырып, «Эстетикалық бағыттағы гимназия» педагогикалық ұжымының жетекші идеялары ретінде:

- оқушылардың жеке әлеуетін аша алатын адами қызметтің әртүрлі деңгейінде табысқа жету технологияларын игеруге мүмкіндік беретін табыс педагогикасы;
- педагогикалық ұжымға оқушының жеке басын және саналы өмірлік таңдауды өзін-өзі таныту үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін гуманистік психология;
- шығармашылық даралықтың қалыптасуының негізі ретінде креативті бастауды дамытатын шығармашылық педагогикасы;
- жеке тұлғаны дамыту педагогикасы;
- әртүрлі салаларда өзін-өзі анықтай алатын және өзін-өзі іске асыру процесінде оқушыларға педагогикалық қолдау көрсететін өзін-өзі анықтау педагогикасы;

Мектеп қызметінің мақсаты мынадай формулаға сүйене отырып айқындалады: «Мектеп табысты болуға үйретуге, әрбір оқушының табысын көруге және бағалауға мүмкіндік беруі тиіс» және білім алушылардың түрлі деңгейдегі мүмкіндіктері, танымдық қызығушылықтары мен бейімділіктері бар тұлғалық өзін-өзі анықтауына және болашақта кәсіптік өзін-өзі айқындауына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау болып табылады.

6.1. Бағдарламаны іске асыру жоспарын әзірлеу

Бағдарламаны іске асыру тетіктері: *Мектеп тәжірибесіне инновациялық идеяларды енгізу бойынша іс-шаралар/іс-әрекеттер*

Басымдық/міндет	Іс-шара	Мақсаты	Орындалу мерзімі	Күтілетін нәтиже	Серіктестер, команда мүшелері, жауапты орындаушылар	Мониторинг
«Кемелден» бағытының «Саламат», «ProfiHUB», «Даналық мектебі», «Сәтті қадам» жобалары аясында қатысушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарды, қоғамдық ортада мәдени қағидаттарды және өмірлік дағдыларды қалыптастыруға қажетті дағдыларды үйренуге тәрбиелеу	«Саламат» жобасы: «Сенім» медиация клубы 1.«Секреты бесконфликтного общения» 5-6 сыныптарға, 2.«Медиация сағаты» 8-9 сыныптарға арналған дөңгелек үстел	Қатысушыларға құқықтық қолдау көрсету, бітімгерлік рәсімдер туралы түсінік қалыптастыру	Қыркүйек -желтоқсан	Клуб қатысушылары құқықтық нормалар, бітімгерлік туралы түсінеді.	Вагапова Э.В., Омарханова А.С. Топ кураторлары және сынып жетекшілері	Мектептің әлеуметтік желісіне жариялау, пікірлерді саралау.
	«Екінші болма!» couching club 1.«Что такое быть лидером?» психологиялық тренинг 2.«Все в твоих руках!» кездесу кеші	Клуб мүшелеріне көшбасшылық туралы және көшбасшы болудың мүмкіндіктері мен іс-әрекеттері туралы ақпарат беру	Желтоқсан -ақпан	Қатысушыларда көшбасшылық туралы және көшбасшы болудың мүмкіндіктері мен іс-әрекеттері туралы түсінеді	Ихласова А.Е., Рамазанова Г.Ж.	Мектептің әлеуметтік желісіне жариялау

	«New speech» логопункт 1.«Роль речивзрослых в развитии голоса детей» ашық есік күндері 2.«Моториканы дамыту» шеберлік сыныптар сериясы	Арнайы логомамандарға жүгінген оқушыларға қолдау көрсету, арнайы дағдыларын дамыту.	Жыл бойы	Арнайы мамандардың көмегімен жеке қасиеттерін дамытуға жұмыстанады.	Вагапова Э.В., Омарханова А.С. Топ кураторлары және сынып жетекшілері	Бейне сабақ
	«Mobility» этика клубы 1.Сұхбат алаңы:«Этика» деген не ? 2.«Қоғамдық орындардағы мәдениет» тәрбие сағаттар сериясы	Мектеп мәдениетін қалыптастырудағы алғы шарттарының негізін айқындап, түсінік қалыптастырады. Қоғамдық орындарда қолданатын ережелерді сақтаудың қажеттілігін түсіндіріп, күнделікті қолданысқа енгізуге бейімдейді	Жыл бойы	Клуб қатысушылары қоғамдық орындарда қолданатын негізгі ережелерді сақтауды түсінеді, өмірде қолдануға дағдыланады.	Кабдылкадирова Б.М., Кунусбаева А.Е., Туребаева И.К. Топ кураторлары және сынып жетекшілері	Мектептің әлеуметтік желісіне жариялау Бейне сабақ

	«ProfiHUB» жобасы: «Жаңа толқын» театр клубы 1.Алаш зиялылары туралы кино үзінділерді талдау 2.Махамбет Өтемісов туралы спектакль. «Нарынкұм зауалы»	Қатысушыларды рухани ояту және көрермендеріне ұлт тарихын сахна арқылы жеткізе білуге үйрету	Жыл бойы	Клуб мүшелері рухани азық алады және көрермендер үшін құнды дүние ұсынады.	Толегенова З.М Вастянова С.А Науменко И.Н Өтегенова Ж.И	Мектептің әлеуметтік желісіне жариялау
	«Брэнд KZ» клубы 1.«Жайқалған жасыл желектер» World gree company өнеркәсіптік жылыжай кешеніне экскурсия 2.«Жаңашылдыққа ұмтылыс» «Ерсұлтан» City Print орталығы жұмысымен танысу	Клуб қатысушыларын өңірлік бизнес өкілдерімен таныстыру, отандық өнімге қолдау көрсету. Кәсіп түрлері туралы ұғым қалыптастыру	Жыл бойы	Қатысушылар өңірлік бизнес туралы ақпарат алады, отандық өнімге деген құрмет артады, әр кәсіп иесі құрметке ие екендігі туралы ұғып қалыптастырады.	Омарханова А.С. Кажимова А.Қ. Мырзахметова А.Т.	БАҚ, Мектептің әлеуметтік желісіне жариялау

	3.ЖШС «Балзия» кондитерлік өнімдер цехына саяхат 4.АҚ «УНКОППА» аквакешеніне саяхат					
	«Алтын ұя» түлектер клубы 1.«Как здорово, что все мы здесь сегодня собрались» гимназия түлектерімен кездесу кеші 2. «В поисках будущей профессии» 9-сынып оқушыларыме н шеберлік сыныбы	Клуб мүшелерін гимназия түлектерімен таныстыру және түлектердің жетістіктері арқылы шабыттандыру	Қантар- ақпан	Қатысушылар түлектермен танысады, болашақ маман иелерінің жетістіктерінен ақпарат алады, болашаққа жоспар құра бастайды	Сейтова Г.А. Ибраева Ә.Д. Нагметова С.С.	Кәсіби әңгіме, сұхбат, сауалнама

	«Даналық мектебі» клубы 1.«Ақжаулық» ана-әже клубы 2.«Ұлағат» ата-әке клубы 3.«Сырғалым» қыздар клубы 4. «Азамат» ұлдар клубы 5. «Адал ұрпақ» клубы	Клуб мүшелері отбасылық құндылықтарды насихаттауға үйрету, бала тәрбиесіндегі әке мен ананың, ата мен әженің рөлін арттыру	Жыл бойы	Қатысушылар отбасылық дәстүрлер мен мерекелердің маңыздылығын түсінеді, отбасыны құндылық ретінде бағалайды, шараларға қатысушы ата мен әженің, әке мен ананың бала тәрбиесіндегі рөлі артады	Топ кураторлары және сынып жетекшілері	Кәсіби әңгіме, сұхбат, сауалнама
«LitMedia Time» бағытының «Шешендік өнер» жобасы Бұл жоба аясында қатысушылардың қазақ тіліміздің байлығын, дұрыс сөйлеу заңын жетік білуге, ой-өрісін кеңейтуге, көпшілік алдында үйлесімді және тартымды түрде	«Риторика» бөлімі «Ғажайып алаң» мұғалімдер арасында интеллектуалды ойын	Қатысушылардың қазақ тіліміздің байлығын, дұрыс сөйлеу заңын жетік білуге, ой-өрісін кеңейтеді.	11.03.2024	Оқыту тіліне қарамастан қазақ тілінде еркін сөйлей алады.	Шайхиева Д.Е. Ихсанова Ш.Ж. Шаупанова А.М.	Әлеуметтік желілерге жрияланау. Пікірлерді саралау. Кәсіби әңгіме жүргізу.
	«Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалдық ойын 7 орыс сыныптары арасында	Оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойларын еркін жеткізе білуге үйрету,	04.04.2024	Ой өрісі, сөйлеу қабілеті дамыған шығармашылық тұлға тәрбиеленеді.		

сөйлеп, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу	«Дебат» клубы Ұрпақтар диалогы (бастауыш сынып ата-аналары мен орта буын оқушылары арасындағы пікір талас	Қатысушыларды патриоттық, ұлтжандылық қасиеттерге, тарихи құндылықтарға деген ойларын қозғау.	11.12.2023	Сөз шеберлігін, өз пікірін анық айтып, дәлелдеме келтіру қабілеттері дамиды.	<u>Кунашев Д.С.</u> Рахметова А.Ж. Нагметова С.С. Құспанова А.Е.	
	Көзқарас (Аралас командалар ойыны)	Ойын қатысушылардың сырттан қалай көрінетінін, басқалардың оларды қалай көретінін түсіну үшін өте маңызды.	16.04.2024	Кейде өздерін ойландыратын өте қызықты салыстыруларды естиді, сыни көзқарас қалыптасады.		
	«КВН – Жайдарман» ойын	Қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, бос уақытты ұйымдастырудың белсенді түрлеріне оқушыларды кеңінен тарту, жас дарындыларды айқындап білу және қолдау, «қазақша КВН» ойынын дәріптеу;	Жыл бойы	Ұсынылған тақырып аясында әдемі әзілмен, үйлескен ұйқаспен, күлкілі көрініспен, жаңалықты жеткізеді.	<u>Қаби А.С.</u> Ахтаров М.Ж. Мукатаев А.Д. Серикова А.Б. Сайнов А.Т.	

	«Stand up» клубы	Әзілдегі мәдениетті жоғалтпай, ойға қонымды қысқа да нұсқа әзілдерді ұсынуға тәрбиелеу	Жыл бойы	Бұрынғы сатира – бүгінгі стендап. Көңілге сән сыйлайтын мағыналы әзіл ұсынады.	<u>Қаби А.С.</u> Кунашев Д.С.	
«ГЭН-NEWS» жобасы Оқушының бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, әлеуметтік тәжірибені меңгерген, өмірге бейімделген адамгершілігі жоғары, креативті, шығармашыл тұлға тәрбиелеу	«Бүгін бізде» айдары	«Өнегелі өмір» және «Талаптан да өнер мен білім үйрен» тақырыбындағы апталық аясында кездесулер ұйымдастыру	15.11.2023 20.05.2024	Адамгершілік құндылықтарды қалыптасады, әлеуметтік тәжірибені меңгерген, өмірге бейімделген креативті, шығармашыл тұлға тәрбиеленеді.	<u>Абдрахманова А.Д.</u> Умбетова Г.Ш. Кунуспаева А.Е.	
	«Жас репортёр» клубы	Жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға, диалогтық ойлауды дамытуға ықпал ету, репортаж жүргізу	05.10.2023 ж. 11.01.2024 ж.	Шығармашылық қабілеттері мен коммуникативтік қасиеттерін көрсете алады	Юный репортер Шаупанова А.М. Андирова Ж.Ч. Сейтова Г.А.	
	«Start» қолдау клубы	Гимназия қабырғасындағы жақсы бастамаларға қолдау көрсету	Жыл бойы	Жаңа бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік алады.	Ахтаров М.Ж. Кунақбаева А.П. Серикова А.Б. Уапова А.А. Шайхиева Д.Е.	Қолдау көрсету шараларын ұйымдастыру

	«INSTAPAGE» клубы	Гимназия жұмысының тиімділігін арттыру үшін Instapage парақшасын әзірлеп, гимназияның тыныс-тіршілігімен бөлісу.	Жыл бойы	Гимназия өміріне қызығушылық танытушы оқырмандардың сұранысын қанағаттандырылады.	Нұрланова А.Ж. Есентемір Н.С. Кажимова А.Қ. Тулегенова З.М.	Әлеуметтік желілерге жариялау
«READx» жобасы Оқушыларды әдеби кітап оқуға, тарихи маңызы бар фильмдерді көруге қызықтыру, сөздік қорын молайту, оқушыларды көпшілік алдында сөйлеуге, пікірін ашық жеткізуге баулу, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру	«WATCHx» клубы 1. «Қазіргі Қазақстан қалай өмір сүреді?"» 2. «Томирис» фильмін қарау 9-11 сынып 3. Адалдықтың өтемі» атты бейнеролик көру. 1,4-сыныптар. 4. «Табысты адамдардың әдеттері» 11 сынып	Оқушы санасына жақсылықты жеткізу, олардың рухани қалыптасуына әсер ету.	17.10.2023ж 19.02.2024ж	Көрген фильмдерді өмірімен байланыстыра алады, көпшілік алдында сөйлеуге, өз пікірін ашық жеткізуге дағдыланады.	<u>Джумашева Г.М.</u> Есіркепова А.Н. Джалмишева Г.М. Тулешева А.Р.	Әлеуметтік желіге жарияланады. Сұхбат.

	Библио-Fresh 1. Флешбук: "Кітап үйретеді...", "Книга учит...", "Book teaches..." 2. "Кітап-өмір салты" READx	Оқушыларды әдеби кітап оқуға тарту, Оқушыларды көпшілік алдында сөйлеуге үйрету.	27.11.2023 ж. 12.02.2024 ж.	Клуб қатысушыларының кітап оқуға қызығушылықтары артады.	«READx» <u>Тулеуова М.К.</u> Абилкаримова Ж.Е. Сұлтанов А.Т. Таскулова Г.М.	
	TEDx 1. Литературный вечер «Всё начинается с любви» 2. Ток шоу «Профессии, которые мы выбираем»	Мәдениетті, парасатты, рухани ойлау дәрежесі биік тұлға қалыптастыру.	05.02.2024 06.05.2024	Мәдениетті, парасатты, рухани ойлау дәрежесі биік тұлға қалыптасады	<u>Казанцева О.М.</u> Тамашева Ж.А. Зарипова Л.В.	
	TEDDYx 1.«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер.» 2.»Электронды кітап сөресі»	Бастауыш сынып оқушылары арасында оқуды насихаттау, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	28.12.2023 18.03.2024	Оқушылар кітаптан өзіне керегін таңдап алуға үйренеді, сөздік қоры молаяды.	<u>Сагиева Г.А.</u> Нурашева Ж.Қ. Бычкова С.Ю.	

ГЭН –TV Заман ағымына сай қоғамның кез-келген салаларында өзін-өзі дамытуға дайын, жаңалыққа ұмтылатын креативті тұлға қалыптастыру.	TIK-TOK house "ГЭН трендте"	Тиктокта бейнероликтер жариялау арқылы желіні тек игі нәрселерге, адамдарға пайдалы дүние үйрету мақсатында қолданауға тәрбиелеу.	Жыл бойы	Тик-Ток желісінде танымдық бейнероликтер жарияланады.	<u>Балманова А.Т.</u> Ибраева А.Д. Серикова А.Б. Тулеуова М.К.	Бейнероликтер жариялау
	«Хроника» клубы 1.ҚР Тәуелсіздік күніне арналған виртуалды экскурсия: "өткен жылдардағы галерея арқылы фототур 2. ЭБГ шежіресі	Гимназия тарихын білетін, туған халқының тарихына, мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелеу	18.12.2023 22.04.2024	Тіліне мақтаныш сезімі оянған, әлемдік бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады.	<u>Аманбаева А.Н.</u> Абдрахимова А.Д Құспанова А.Е. Таскулова Г.М.	

	Подкаст	Подкасттар ақпарат пен аналитиканың негізгі көзі болғандықтан, оны өзін-өзі дамытуға, шынайылыққа тәрбиелеу мақсатында қолдану.	Жыл бойы	Жүйелі, тұрақты, сенімді, мазмұнды подкасттар дайындайды, аудиториямен байланыс орнайды.	<u>Қаби А.С.</u> Есиркепова А.Н. Мырзахметова А.Т. Ташекенова Р.Х. Уразаева Р.Ж.	Тікелей эфир
«ZIATKER BOL!» бағытының «Ғылымға қадам», «Табысты оқушы», «IQ-DODA», «EDLINER» жобалары арқылы қатысушылардың зияткерлік әлеуетін арттыру және білім сапасын арттыру	« Ғылымға қадам» жобасы: 1.8-9 сыныптарға арналған Республикалық ғылыми жобалар байқауына дайындық 2.2-7 сыныптарға арналған «Зерде» ғылыми жобалар байқауына дайындық	Жоба қатысушыларына ғылым мен инновациядағы жаңалықтар туралы түсінік беріп, ғылыми ізденістерге тәрбиелеу, байқауларға қатысу және жеңімпаздар қатарын көбейту.	Жыл бойы	Қатысушылар ғылым мен инновациядағы жаңалықтар туралы түсінік алады, ғылыми ізденістерге бет бұрады, байқауларға қатысады және жеңімпаздар қатары көбейеді	Артигалиева А.М. Тамашева Ж.А. Акашаева З.М. Кусанова Э.К. Зарипова Л.В Казанцева О.М. Бисенгалиева С.С. Орынгалиева А.Ж.	Сұхбат, кәсіби әңгіме, мектептің әлеуметтік желісіне жариялау

	«Табысты оқушы» жобасы: 1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың кезеңдеріне дайындық	Олимпиадаға дайындықты жүйелі түрде күшейту және пәндер бойынша білімдерін тереңдетуге ықпал ету, байқауларға қатысу және жеңімпаздар қатарын көбейту.	Жыл бойы	Олимпиадаға дайындықты жүйелі түрде өткізеді, пәндер бойынша білімдерін тереңдетеді, байқауларға қатысушыларды және жеңімпаздарды көбейеді.	Артигалиева А.М. Тамашева Ж.А.	Сұхбат, кәсіби әңгіме, мектептің әлеуметтік желісіне жариялау
	«IQ-DODA»/ «EDLINER» жобасы: 1.«DARYN», 2.«Зияткерлік BATTLE», 3.«AQYL BATTLE», 4. «Fact & REAL» 5. XXI ғасыр көшбасшысы 6. «ГЭН QUIZ»	Мектепшілік жобалар арқылы қатысушылардың байқауларға қатысуын және қзияткерлік әлеуетін арттыру, жеңімпаздар қатарын көбейту	Жыл бойы	Мектепшілік жобалар арқылы байқауға қатысады және зияткерлік әлеуеті артады, жеңімпаздар қатары көбейеді.	Балғабаева Ж.Ж. Касмуханова Г.М. Салихова А.Р. Айтанова М.И. Ғалимова А.Қ. Айсиева С.К. Хайрушева Д.М. Плясова Т.Д. Айсиева С.К. Исатай Ә.Ш. Қаби А.С. Кунашев Д.С. Жазанова М.С. Диярова А.А. Сапарова Д.М.	

6.2. Бағдарламаның мақсаттарына, міндеттеріне уақтылы және толыққанды қол жеткізу және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін оны іске асыру жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру

Мақсаты: Қоғамның қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес келетін және оқушылардың жеке және әлеуметтік - түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім алушылардың сапалы даярлығын қамтамасыз ететін білім беру ортасының Digital ART gymnasium моделін құру.

Міндеттері:

1. Сапалы білім беру үдерісінің нәтижелілігін қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелерді тұжырымдау оқушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауға, әр оқушының жеке қабілеттерін ескере отырып, оның дамуының жеке траекториясын анықтауға мүмкіндік береді, олардың функционалдық сауаттылықты, оқу дағдыларын дамытуға деген ынтасын арттырады, демек, білім беру процесінің сапасын жақсартады. Бағалаудың критериялды жүйесі жетілдірілетін болады. Оқушылардың ішкі бағалауының объективтілігін арттыру бойынша жұмыс жалғасады (формативті және жиынтық бағалау).

Білім беру сапасы цифрлық білім беру ресурстарын енгізу, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жолымен арттырылатын болады.

Функционалдық сауаттылық пен құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқыту нысандары мен әдістерін қайта қарау басым болады.

Білім берудің маңызды бөлігі әр сынып оқушыларының жыл сайынғы кәсіби диагностикасы және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға бағдарлануы болуға тиіс.

Білім алушылардың мүмкіндіктерін теңестіру және білім беру жетістіктеріндегі алшақтықты қысқарту мақсатында күш-жігер инклюзивті білім беруді дамытуға, әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларды мектептің сабақтық және сабақтан тыс қызметіне неғұрлым кеңірек тартуға шоғырландырылатын болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті ортада психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қамтамасыз етіледі және мектеп және инклюзивті білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету автоматтандырылады.

Мектепте дарынды оқушылармен жұмыс бағдарламасы жұмыс істеуді және дамытуды жалғастырады. Таланттарды, көшбасшыларды және олардың мұғалімдерін сүйемелдеудің тұтас жүйесі, сондай-ақ дарынды балаларды қадағалау тетіктері құрылатын болады.

2. Педагог кадрлардың өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету.

Гимназияны басқарудағы негізгі буын педагогикалық кадрлар болып табылады. Өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру педагог қызметінің ажырамас бөлігі болады. Педагогтердің кәсіби дамуы біліктілікті арттыру курстары шеңберінде жалғастырылады. Мектеп педагогтері педагогикалық шеберлікті жетілдіруге мүмкіндік беретін аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

Мектепте жұмыс істеу үшін мұғалімдерді қабылдау кезінде зерттеу жұмысын дамыту мақсатында "білім магистрі" дәрежесі бар мамандар кеңінен тартылатын болады.

Жас мұғалімдерге олардың кәсіби қалыптасуына көмек көрсету мақсатында мектепте тәлімгерлік жүйесі күшейтіледі, ол тәжірибелі мұғалімнің жас маманның педагогикалық қызметті жүргізудің қажетті дағдылары мен дағдыларын дамыту жөніндегі

жүйелі жеке жұмысын көздейді. Жас мұғалімдердің кәсіби дамуы бойынша "Сырттай сүйемелдеу" жобасы жалғасады. Ол жас маманның пәндік мамандандыру және оқыту әдістемесі саласындағы білімін терең және жан-жақты дамытуға арналған. Жас маман мен тәжірибелі ұстаздың арасындағы байланысты нығайту мақсатында дәстүрлі түрде «Педагогикалық тандем» ұйымдастырылып отырады.

Жұмыстың мазмұны мұғалімдердің сұраныстарына сәйкес келуі және мұғалімнің жеке басының өзін-өзі дамытуына ықпал етуі үшін жұмыс әр мұғалімнің кәсіби қиындықтарын ескере отырып жоспарланады. Пәндік кафедраларда мұғалімдердің Lesson Study сабағын зерттеу жұмыстарын жалғастыру қажет. Педагогикалық және кәсіби шеберліктің өсуіне олардың әсері тұрғысынан педагогикалық буындардың әрқайсысына терең талдау жүргізілетін болады.

Педагогтерде нәтижелі қызметке ынталандыру мақсатында оларды материалдық ынталандыру ұйымдастырылатын болады. Балалары түрлі конкурстарға, олимпиадаларға, жарыстарға нәтижелі қатысуын көрсеткен педагогтар да материалдық ынталандырылатын болады. Оқу жылының қорытындысы бойынша "Жұлдыздар шеруі" мерекесін дәстүрлі өткізу жалғасады, онда "ең сыныптық сынып" номинациясы бойынша педагогтар бағалы сыйлықтармен, "Педагогикалық шеберлік" конкурсымен марапатталады. Жыл сайын оқу жылының қорытындысы бойынша әрбір педагогтың рейтингтік бағасы жүргізіледі, онда оның кәсіби конкурстар мен олимпиадаларға қатысуы, конкурстар мен олимпиадаларға қатысу нәтижелері ескерілетін болады.

3. Мектепте қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған балалардың жекелеген санаттарындағы оқушыларды тегін ыстық витаминделген тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Мектеп асханасының жағдайы жақсарады, мектеп тағамдарын ұйымдастыру балалар мен ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып өзгереді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті ортада сүйемелдеу қамтамасыз етіледі. Мектеп мұғалімдері біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Педагогикалық кеңес ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың танымдық іс-әрекетінің даму деңгейі мен ерекшеліктерін айқындайды, профилактикалық, түзету психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік іс-шараларды айқындау үшін білім алушының эмоционалды-ерікті және жеке дамуын зерделейді, білім алушымен тікелей жұмыс істейтін педагогтар арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастырады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою, сондай-ақ оқушылар арасында зорлық-зомбылық және қорқыту туралы хабардарлықты арттыру үшін өмірлік дағдыларды қалыптастыру және суицидтің алдын алу жөніндегі бағдарламалар іске асырылатын болады.

"Тәуекел тобындағы" балаларды ерте анықтау және оларға уақтылы көмек көрсету, буллингтің жолын кесу мақсатында білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында қолайлы психологиялық ахуал жасауға бағытталған мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметінің қызметі күшейтілетін болады. Жұмыс үшін мүдделі ведомстволардың психологиялық қызметінің мамандары тартылады. Мектеп тәлімгерлері мен мектеп медиаторының жұмысы жандануда.

Ата-аналар жұртшылығының назарын аудару және мектеп пен қоғамды балалардың құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелерге шоғырландыру мақсатында, сондай-ақ балалардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін тұрақты негізде әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар: ашық есік күні, ата-аналарды қолдау бөлмелері, психологиялық тренингтер мен консультациялар, дөңгелек үстелдер, ата-аналар жиналыстары және бірлескен іс-шаралар іске асырылатын болады.

Отбасындағы қолайсыздықтың алдын алуға, ата-аналардың, заңды өкілдердің және қоғамның өскелең ұрпақтың тағдыры үшін жауапкершілігін арттыруға, кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылыққа жол бермеуге бағытталған сабақтар мен

сыныптан тыс іс-шаралардың сценарийлері, бейнероликтер, иллюстрацияланған альбомдар, суреттер, шығармалар мен эсселер көрмелері әзірленіп, шығарылады.

Сынып жетекшілері мен кураторлардың тәрбие жұмысының жоспарлары кибермәдениет және кибергигиена бойынша іс-шараларды қамтитын болады. Осы бағытта жұмыс істеу үшін мамандар тартылатын болады.

4. Материалдық – техникалық базаны нығайту және дамыту, гимназия инфрақұрылымы жүйесін дамыту.

Материалдық-техникалық база-мектептің жұмыс істеуінің және дамудың мақсатты бағдарламасын іске асырудың қажетті шарты. Материалдық қаражат жаңа форматтағы кабинеттерді жаңғыртуға бағытталады. Биология, физика және химия кабинеттерін жаңа үлгіде жабдықтау. Жаратылыстану-ғылыми және технология бағытында STEAM кабинеті және робототехникамен қамтамасыз етіледі. Гимназияның техникалық базасы жағдайын жақсарту үшін демеушілер, әлеуметтік серіктестер тартылатын болады. Гимназия түлектерін өз оқу орнын дамытуға тарту, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету үшін мектепте түлектердің мерейтойлық кездесулерін өткізе отырып, "Гимназияға тағзым" акциясын кең көлемде өткізу жоспарлануда.

Цифрлық инфрақұрылымды (сымсыз коммуникациялар, жергілікті желі, кең жолақты интернет, компьютерлік жабдық) дамыту бойынша жұмыс жалғасады. "Күнделік" ақпараттық жүйесін, білім беру платформасын белсенді пайдалану жалғастырылатын болады "Onlinemektep.kz, Bilimcenter.kz". бірінші сыныпқа қабылдау үшін балаларды автоматтандырылған тіркеуді пайдалану жалғасады. Информатика сабақтарында цифрлық сауаттылықты сапалы оқыту жалғасады.

Мектептің менеджменті мен даму мониторингін жетілдіру және нәтижеге бағдарланған қаржыландыру мемлекеттік шығыстарды басқару саласындағы реформалардың құрамдас бөлігі болады. Әрбір оқу жылының қорытындысы бойынша ата-аналар жұртшылығы алдында қоғамдық тыңдаулар жалғасады. Қамқоршылық кеңестердің жұмысы арқылы жалпы жұртшылық мектептегі білім беруді басқаруға тартылады.

5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде білім алушыларда жалпыадамзаттық, ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

Тәрбиенің қазіргі жағдайының тән ерекшелігі оның мазмұнын әлеуметтік-сұранысқа ие құндылықтар, ұлттық дәстүрлер, мінез-құлық тәжірибесі тұрғысынан жаңартуға бағытталуы керек. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі тәрбие мен оқыту жүйесі бірыңғай идеологиялық және жалпыұлттық құндылық тәсілдеріне негізделген. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптарды: отбасы, мектеп және қоғамды кеңінен тарта отырып, кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмысының негізін «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы кешенді жоспары құрайды. Тәрбие процесіне іздестіру - өлкетану компонентінің инновациялық үлгілері, оқушыларды рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиелеудің нысандары мен әдістері, балалардың әлеуметтік маңызы бар бастамалары енгізіледі, "Ұлттық құндылық"бағдарламасының міндеттері контекстінде мектептің, ата-аналар қауымының, әлеуметтік әріптестердің күш-жігерін шоғырландырудың қазіргі заманғы әдістерін іздеу жүзеге асырылады.

"Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасын іске асыру бойынша жұмыс басталады (қаланың, ауылдардың, көшелердің және мемлекеттің дамуына үлес қосқан тұлғалардың тарихын зерделеу), мұражайлар бойынша экскурсиялары бар үйірмелерді енгізу бойынша жұмыс жалғасады. "Береке" волонтерлар клубы жұмысын, "Х ұрпақ" жобасын, "ProfiTime", "Brend KZ", «Екінші болма!» couching club, «Жаңа толқын» театр клубы, «Жол тап!» мамандық клубы, «Даналық мектебі» т.б. жобаларын іске асыру бойынша жұмыстар жалғастырылды.

Кітаптың беделін арттыру, өзін –өзі тәрбиелеу мен білім беруді қолдау мақсатында өмір бойы "Оқуға құштар мектеп" жобасы жалғасады, оның шеңберінде "БИБЛИО - FRESH", TEDx, Readx, Teddix клубтары, Буккроссингке - кітап алмасу және оқу бойынша арнайы орындарды ұйымдастыруға үлкен рөл беріледі.

Білім алушылардың ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылуы "Жасқыран" (1-4 сыныптар), "ЖасҰлан" (5-10 сыныптар), "Жас сарбаз", «Сәтті қадам», «Айбын» төтенше жағдай клубы, «Абырой» патриоттық клубы, «Достық» интернационалдық клубы балалар-жасөспірімдер қозғалысына концерттер, бұқаралық акциялар, экскурсиялар, жорықтар арқылы патриоттық, волонтерлік, азаматтық-құқықтық іс-шараларды өткізу бойынша кең және дәйекті мүшелік жолымен қамтамасыз етілетін болады. «ГЭН-NEWS» «Шешендік өнер» «ГЭН- TV» «Science» франшизасы, «Ұлы дала мұрасы» «НҰР ШАШУ» жобаларының жұмысы қорындыланады. Оқушылар Қайырымдылық, ізгі ниет, әлеуметтік теңдік, конфессияаралық және этникалық толеранттылық және т.б. әлеуметтік акцияларға, соның ішінде медиаресурстарды пайдалана отырып тартылатын болады.

Тәрбие жұмысы жалпыадамзаттық, ұлттық, адамгершілік құндылықтарды, ұлттық-мәдени дәстүрлерді нығайтуға және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз Отаны үшін жауапты бола алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталатын болады.

БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫ

1. Жалпы мәлімет

1.1.Жобаның толық атауы (тақырыбы)	«IQ-DODA»
1.2.Әзірлеуші (әзірлеушілер) және кеңесші (кеңесшілер) туралы деректер: Аты-жөні, жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы, телефоны, e-mail	Акашаева Зияда Мирасовна, ЭБГ директордың оқу ісі жөніндегі орыбасары, п,ғ,м., Кеңесшілер: директор 8-705-512-80-35, ziyada_1989@mail.ru
1.3.Жарғыға сәйкес білім беру ұйымының толық атауы	«Эстетикалық бағыттағы гимназия»
1.4. Жобаны орындау мерзімі	3 жыл 2023-2024 оқу жылы

2. Жобаның өзектілігі немесе инновациялық жобаны іске асырудың өзектілігінің негіздемесі

2023-2029 жылғы тұжырымдамадан үзінді беру, №727 2021 жылғы 12.10 4.1. индикаторы сапалы білім беру

Жоба оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын арттырып, гимназияны зияткерлік бағытта табысты қызмет атқаратын білім беру ұйымы ретінде түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жобалардың жүйелі түрде жылма-жыл өтілуі, яғни дәстүрге айналуы қатысушылар тарапынан болатын сұраныстың артуына алып келеді. Бәсекелестікті арттыру үшін сайыс, байқаулардың жеңімпаздарын лайықты сыйлықтармен қамтамасыз етуде әкімшілік тарапынан қаржылық қолдауды қажет ететін шешімге негізделеді.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша мектеп жұмысын проблемалық-бағдарлы талдау және жобалық қызмет негізінде басқарушылық шешімді талап ететін проблемаларды анықтау.

3. Жобаның мақсаты мен міндеттері

Жобаның мақсаты – Рухани жетілген зияткер тұлға тәрбиелеу

Жобаның міндеттері:

- Жан-жақты дамыған үйлесімді тұлғаға жалпыадамзаттық құндылық пен сапалы білімді меңгерту;
- Оқушылардың зияткерлік әлеуетінің артуына жағдай жасау;
- Үздіктердің қатарын 30 % көбейту үшін мүмкіндік беру.


4. Жобаның негізгі идеясы, күтілетін нәтиже

Жобаның негізгі идеясы: «Әрбір оқушы гимназия зияткері болуға лайықты!»

Жобаның күтілетін нәтижесі:

- Тұлға жалпыадамзаттық құндылыққа негізделген сапалы білімді меңгереді;
- Оқушылардың зияткерлік әлеуеті артады;
- Жобаға қатысушыларда табысқа деген құлшыныс пайда болады;
- Бәсекеге қабілетті үздіктердің қатары көбейеді.

К. Левиннің үш сатылы өзгерістер моделі («еріту», жаңа деңгейге жылжу, «катып қалу») арқылы мектептегі бір сарынды жағдайды бағалау арқылы қозғаушы күштерді көбейтудің қажеттілігі туды. Қозғаушы күштерге тың идеялы жастарды тарту маңызды болды. Жұмыс жасайтын топқа тежегіш күштерді араластырмау қажет. «Еріту» арқылы жайлылық жағдайынан шығарып, «өзгерту» яғни жаңа деңгейге ауысты. Қызметкерлерді жаңа жағдайға тарту қажеттілігі туды. Жаңа талаптар әзірлеп, өзгерістерді жүзеге асырды. Осы арада құлшыныс пен қызығушылық пайда болды. Сұраныс артты. «Мүздату» деңгейіне жеттік. Жаңа жағдайды тұрақтандырып, әдіс-тәсілдерді орнықтырдық. Ынталандыру жүйесін басты назарда ұстау керек.



5. Жобаның мақсатты аудиториясы: 1-11 сынып аралығындағы оқушылар

6. Жобаны орындаудың күнтізбелік жоспары (формасын жоба командасы анықтайды)

№	Жоба кезеңі	Іс шара	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Жауапты
1	2023-2024	«Зияткерлік BATTLE-2» 5-6 сынып (қазақ, орыс) 1. «Іріктеу» турын онлайн ұйымдастыру;	Қыркүйек	5-6 сынып оқушылары арасында гимназия зияткері анықталады.	Хайрушева Д.М., Плясова Т.Д., Айсиева С.К.

		2. «Шешуші кезең»			
2	2023-2024	«AQYL BATTLE-2» 7-8 сынып(қазақ,орыс)	Қазан	7-8 сынып оқушылары арасында ең шапшаң және білімді оқушылар сұрыпталады.	Исатай Ә.Ш., Қаби А.С.
3	2023-2024	«ЭБГ QUIZ» сайысы 9-11 сынып (қазақ, орыс)	Қараша	9-11 оқушылары арасындағы оқушылардың таным көкжиегін кеңейту	Диярова А.А. Сапарова Д.М.
4	2023-2024	«DARYN-2» сайысы 2-3 сынып (қазақ)	Желтоқсан	2-3 сынып оқушыларының білімге деген құлшынысын арттыру, зияткерлік әлеуетінің дамуына негіз болу	Балғабаева Ж.Ж. Касмуханова Г.М. Салихова А.Р. Айтанова М.И.
5	2023-2024	«FACT & REAL» олимпиадасы 7-8 сынып (қазақ, орыс)	Қаңтар	7-8 сынып оқушыларының арасында жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылық артады	Ғалимова А.Қ. Айсиева С.К.
6	2023-2024	«Я-знаю-2» сайысы 2-3 сынып (орыс)	Ақпан	2-3 сынып оқушыларының білімге деген құлшынысын арттыру, зияткерлік әлеуетінің дамуына негіз болу	Балғабаева Ж.Ж., Салихова А.Р.
7	2023-2024	«DARYN-2» сайысы 1- сынып (қазақ) «Я-знаю» сайысы 1-сынып (орыс)	Наурыз	1-сынып оқушыларының бойында жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпал ету және білімге деген қызығушылығын ояту.	Касмуханова Г.М., Айтанова М.И.
8	2023-2024	«XXI -ғасыр көшбасшысы» 9-11 сынып (қазақ, орыс)	Сәуір	Гимназия оқушыларының жоғарғы буыны арасында сапалы біліммен қаруланған көшбасшыларды қалыптастыру. Үздіктерді анықтау	Кунашев Д.С. Жазанова М.С.
9	2023-2024	«Жұлдыздар шеруі»	Мамыр	Жан-жақты дамыған үйлесімді дамыған зияткер тұлғаларды ынталандыру	Артигалиева А.М. Тамашева Ж.А. Акашаева З.М.

7. Жобаның кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі
Жобаның кадрмен қамтамасыз етілуі

	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы, білімі, ғылыми дәрежесі (бар болса), ғылыми атағы (бар болса)	Жобадағы маманның функционалы (жетекші, әзірлеуші, сарапшы және т. б.)
1	Хайрушева Д.М., Плясова Т. Д., Айсиева С.К. Акашаева З.М.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ағылшын тілі пәні мұғалімі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ДОІЖО, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, п.ғ.м.	жетекші, әзірлеуші, әзірлеуші, сарапшы
2	Қаби А.С., Исатай Ә.Ш., Акашаева З.М.	Физика пәні мұғалімі Химия пәні мұғалімі, п.ғ.м. ДОІЖО, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, п.ғ.м.	жетекші, әзірлеуші, әзірлеуші, сарапшы
3	Диярова А.А., Сапарова Д.М., Акашаева З.М.	Информатика пәні мұғалімі Математика пәні мұғалімі ДОІЖО, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, п.ғ.м.	жетекші, әзірлеуші, әзірлеуші, сарапшы
	Балғабаева Ж.Ж., Касмуханова Г.М., Салихова А.Р., Айтанова М.И. Сагиева Г.А.	Бастауыш сынып мұғалімі, п.ғ.м. Бастауыш сынып мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімі	жетекші, әзірлеуші, әзірлеуші, жетекші, әзірлеуші, әзірлеуші, сарапшы
	Ғалимова А.Қ., Айсиева С.К. Акашаева З.М.	Математика пәні мұғалімі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ДОІЖО, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, п.ғ.м.	жетекші, әзірлеуші, әзірлеуші, сарапшы
	Балғабаева Ж.Ж., Салихова А.Р. Сагиева Г.А.	Бастауыш сынып мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімі	жетекші, әзірлеуші, әзірлеуші, сарапшы
	Касмуханова Г.М., Айтанова М.И. Сагиева Г.А.	Бастауыш сынып мұғалімі, п.ғ.м. Бастауыш сынып мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімі	жетекші, әзірлеуші, әзірлеуші, сарапшы
	Кунашев Д.С., Жазанова М.С.	Тарих пәні мұғалімі Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	жетекші, әзірлеуші, әзірлеуші,

	Акашаева З.М.	ДОІЖО, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, п.ғ.м.	сарапшы
	Акашаева З.М. Артигалиева А.М., Тамашева Ж.А.	ДОІЖО, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, п.ғ.м. ДОІЖО, Тарих пәні мұғалімі ДОІЖО, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, п.ғ.м.	жетекші, әзірлеуші, жетекші, әзірлеуші, жетекші, әзірлеуші,

Жобаның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі (қаржыландыру қарастырылған жағдайда)

№	Жобаны іске асыруға қажетті жабдықтың атауы	Саны (бірлік)
1	Лэд экран	1
2	Планшет/ноутбук	15

Сыйлықтар:

1.Дыбыс күшейткіш -50 2.Сымсыз құлаққап-50 3.Акварель бояу -20 4. Альбом -А 3 -20 5.Жарық штативі - 20 6. Эл.тасымалдағыш – 20 7.AirPod/AirDonts – 30 8.Фитнес браслет – 20 9.Смарт сағат -20 10. Қолшатыр – 30 11. Powerbank -15 12.Акриль- 12 -20 13.Фломастер-18/24 -20 14. Доп -15

VII БӨЛІМ

Бағдарламаны іске асыру барысында күтілетін нәтижелердің сипаттамасы

7.1. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін білім беру ұйымындағы оң өзгерістер

- Білім беру сапасын арттыру;
- Білім беру мазмұнын сапалы жаңарту;
- Білім беру процесінің нәтижелілігін қамтамасыз ету;

- Білім алушылардың алған сапалы білімі негізінде кәсіби таңдауды жүзеге асыру және түрлі қызмет салаларында өзін табысты іске асыру;
- Оқу-тәрбие жұмысын жоғары сапалы мен нәтижелілігін қамтамасыз ететін педагогикалық ұжымның кәсібилігін жетілдіру;
- Бәсекеге қабілетті ұжым мүшелерін қалыптастыру;
- Қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құру;
- Мектептің өзін-өзі басқару саласын дамыту, оқушылардың 90% -ын әлеуметтік маңызы бар және шығармашылық қызметпен қамту және мектептің тәрбие жұмысына белсенді қатысатын ата-аналардың үлесін ұлғайту.

Мектепті дамыту бағдарламасын іске асыру мынадай қағидаттармен айқындалады:

Білім берудегі ізгілендіру қағидаты білім алушыларда рухани дамудың көпқырлылығы, тұтас және икемді сипатын қалыптастыруды болжайды. Білім беруді ізгілендіру арқылы адамның рухани әлемін қалыптастыру жүзеге асырылады және жеке адамның шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруда өзін-өзі жетілдірудің ішкі қажеттілігін дамыту үшін жағдайлар жасалады. Білім беру үрдісінің негізгі мәні - оқушының дамуы болып табылады.

